



**М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан университеті**

**«Хани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер
институты**



**Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған
Республикалық әлеуметтік жоба аясында
«Мұшайра» жас ақындар байқауының
ЖИНАҒЫ**

**Петропавл
2020**

**М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
«Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер
институты**

***Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған
Республикалық әлеуметтік жоба аясында
«Мүшайра» жас ақындар байқауының
ЖИНАҒЫ***

Ұйымдастырушылар:

*Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігі;*

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ;

«Педагогикалық ғылымдар академиясы» ҚБ;

*М. Қозыбаев атындағы СҚУ «Рухани жаңғыру»
әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институты*

**Петропавл
2020**

УДК 821.512.122

ББК 83.2 Каз

Ж 37

Редакциялық алқа:

Редактор: Картова Зауре Кенесовна – тарих ғылымдарының кандидаты, М. Қозыбаев атындағы СҚУ «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтының директоры.

Жауапты құрастырушылар: Нұрқан Жанайым – М. Қозыбаев атындағы СҚУ «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтының әдіскері.

Елембаева М.Т. – Ә. Досмұхамедов атындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернатының мұғалімі.

Әділ-қазылар алқасының мүшелері:

1. Қадыров Жанбай Тұрарұлы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, «Қазақ тілі және әдебиет» кафедрасының меңгерушісі.
2. Шайкенова Айсулу Жаксылыковна – филология ғылымдарының кандидаты, «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі.
3. Кокбас Жазира – «Қазақ тілі және әдебиет» кафедрасының аға оқытушысы, Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің докторанты.

«Мұшайра» жас ақындар байқауының жинағы. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚУ, 2020. – 97 б.

УДК 821.512.122

ББК 83.2 Каз

АЛҒЫ СӨЗ

2020 жылы Ұлы ақын және ойшыл Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы. Мерейтойды мерекелеу аясында Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігі «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» ЖАҚ-пен бірлесіп, республикалық «Мұшайра» жас ақындар конкурсын ұйымдастырды. Осы іс-шараның аймақтық ұйымдастырушысы – М. Қозыбаев атындағы СҚУ-нің «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институты болды.

Байқауға жас жазушылар, ақындар, журналистер және 16-29 жас аралығындағы жастардың басқа санаттарының өкілдері қатысты. Бұл конкурс Абайға арналған шығармаларды қамтыды: 2 өлең (ақындар үшін) немесе 2 қысқа проза (жазушылар үшін).

Республикалық байқау екі кезеңнен тұрды. Өңірлерде іріктеу кезеңі 2020 жылдың 10 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында өтті. Қорытынды кезең 2020 жылдың 1 мен 20 қазан аралығында ұйымдастырылды. Аймақтық іріктеу кезеңінің үш жеңімпазы «Мұшайра» байқауының республикалық кезеңіне жолдама алды.

Байқаудың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету мақсатында республикалық кезең толықтай бейне-жазбаға түсірілді. Байқауға қатысушылардың жұмыстарын бағалау кезінде жұмыстың идеялық және композициялық тұтастығын сақтау ескерілді.

Осы конкурсқа қатысу арқылы біздің өлкеміздің дарынды жастары өздерінің қабілеттерін шыңдап қана қоймай, сонымен бірге республикалық деңгейде дарынды ақын немесе жазушы ретінде танылудың керемет мүмкіндігіне ие болды.

Қадірлі оқырман!

Биылғы 2020 жылы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы әлемдік және мемлекеттік деңгейде аталып өтіліп жатыр. Бұл мерейтойдың еліміз үшін маңызы жоғары, әрі ұлы ақынның рухани мұрасы Қазақстанның әлем кеңістігінде насихатталуына ықпал етуде. Дана Абайдың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу бүгінгі қоғамның сұранысынан туындап отырған рухани азықпен пара-пар. Сондықтан, ұлы Абайдың мұрасы «Рухани жаңғырудың» лайықты жалғасы деп пайымдаймыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек» - деген болатын. Бұл бүгінгі күні еліміздің білім ордаларының алдында тұрған басты міндет. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті еліміздің стратегиялық бағдарламаларын бұлжытпай орындай келе, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге ерекше мән беріп отыр. Елбасының идеясынан туындап отырған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға белсене араласып, жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырып, дамытуға арналған қомақты іс-шараларды үздіксіз ұйымдастырып тұрады.

Авторлардан келіп түскен өлеңдер мазмұны терең, еліне, жеріне, халқына, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілікке толы, әр қатысушының жүрек тебірінісінен шыққан туынды деп бағалауға болады. Әр өлеңді оқи отыра, Қазақстанның жарқын болашағына сенімі мол білімді де білгір жастардың өсіп келе жатқанына қуанышпен қарауға толық сенім бар.

Қаламдарыңыздың сиясы кеппесін, оқу-тоқудан еш жалықпаңыздар, әлемді мойындатуға ұмтылыңыздар еліміздің

үміті де болашағы да сіздерсіздер, құрметті жастар, Абай аталарыңыздың рухы әр уақытта қолдап жүрсін.

*Ақмарал Ғосманқызы Ибраева
М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан университетінің
Ғылым және инновация жөніндегі проректоры,
т.ғ.д., профессор*

Ұлы ақынның «Толық адам» ілімі

Толық адамның тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер ұлы ақын-ойшылдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген. Абай жас өркеннің бағдар түзер айқындамасы ретінде талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахымды атайды. Атаған бес қасиет негізінен толықтықты танытатын үш қасиетті құрайды: талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рахым – жүректен туатын қасиеттер.

Адам бойындағы осы үш қасиетті ерекше танып білуге тұратын таным екенін ақын «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде: Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек - деп нақтылай түседі. «Ыстық қайрат» - бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» - елге сәуле түсіріп, ізгілікті істеу, ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» - иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек - дейді.

Абай үшін дүниенің басты құндылығы – рухани тұрғыда кемелденген толымды адам. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттік, бойында жетілдіре білген, дамытқан адам – Абай ұсынған «толық адам» концепциясы.

«Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келеді. Бұл – өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты.

Осындай таным-түсінікпен өмір сүрген халқымыз өзі қиын жағдайда отырып, өзге ұлттарды бауырына басқан. Үнемі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу бола білген. Осы құндылықтарды дәріптеп,

бүгінге жеткізу арқылы халқымыз өзінің ұлт ретінде сақталуы үшін барын салған. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес, тәрбие пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек.

Зауре Кеңесқызы Картова
Солтүстік Қазақстан университетінің
«Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық
зерттеулер институтының директоры

ЕРЕЖЕ

Абайдың 175 жылдығына арналған «Мүшайра» Республикалық жас ақындар конкурсын ұйымдастыру жөніндегі іс –шаралар кешенін өткізу

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Жас жазушылар, ақындар, журналистер және еліміздің барлық аймақтарында тұратын 16-29 жас аралығындағы жастардың басқа да санаттары арасында «Мүшайра» республикалық конкурсын (бұдан әрі – конкурс) өткізудің тәртібі мен шарттарын реттейді.).

1.2. Байқаудың мақсаты - әдеби шығармашылыққа қабілетті, талантты ақындарды анықтау және олардың шығармашылық әлеуетін арттыру.

1.3. Конкурстың міндеттері:

-жастарды ынталандыру, жас жазушылар мен ақындардың шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту;

-қазіргі заманғы әдебиет пен қазақ мәдениетін, журналистиканы мемлекеттік тілде кеңінен танымал ету;

-жастардың ақындық мәдениетке, өнерге қызығушылығын арттыру;

-белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу және жас таланттардың шығармаларының мазмұнын қазіргі заманғы мәселелермен байыту;

- жастардың интеллектуалдық дамуы үшін жағдай жасау;

-жас жазушылардың ортасын қалыптастыруға ықпал ету.

1.4. Конкурсты ұйымдастырушылар – «Педагогикалық ғылымдар академиясы» ҚБ, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен жүзеге асырылатын «Абайдың 175 жылдығына арналған «Мүшайра» республикалық жас ақындар конкурсын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар кешенін өткізу» әлеуметтік жобасы.

1.5. Осы ереже қатысушылардың конкурстық жұмыстарына қойылатын талаптарды, өтінімдерді ұсыну мерзімдерін анықтайды.

1.6. Байқау қорытындысы 2020 жылдың қазан айында Алматы қаласында шығарылады.

2. КОНКУРС ШАРТТАРЫ

2.1. Байқау ашық түрде өтеді. Байқауға Қазақстан Республикасының барлық аймақтарынан 16-29 жас аралығындағы жас жазушылар, ақындар, журналистер және басқа да жастар санаттары қатыса алады.

2.2. Байқауға **Ұлы Абайдың шығармашылығына қатысты** өзі шығарған шығармалар қабылданады: 2 өлең (ақындар үшін) немесе 2 шағын проза (жазушылар үшін). Шығарманың тілі-қазақ/орыс тілдері. Жұмыстар баспа немесе электронды түрде ұсынылады. Байқауға қатысу үшін Байқаудың Ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) Конкурс Ережесіне сәйкес өтінім беру қажет.

2.3. Конкурс жеңімпаздары анықталып, оларға орындар (Гран-при, 1 орын, 2 орын, 3 орын) беріледі.

2.4. Жүлделі орындар саны бекітілген (гран-при – бір, бірінші орын – бір, екінші орын – бір, үшінші орын – бір).

2.5. Байқау 2 кезеңде өткізіледі: іріктеу және қорытынды. Іріктеу кезеңі өңірлерде 10 тамыз – 30 қыркүйек аралығында өткізіледі; қорытынды кезең 1 қазан – 20 қазан аралығында өткізіледі.

2.6. Іріктеу кезеңі 3 қала (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) және 14 облыста өткізіледі. Оның нәтижесі бойынша анықталған 3 жүлдегерге республикалық байқауға жолдама беріледі.

2.7 3 қала мен облыстарда байқау жұмыстарын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Филологтар, абайтанушы, ақындар, жазушылар, мәдениет қайраткерлері мен журналистер арасынан іріктеу кезеңінде 3 адам, республикалық байқауда 5 адамнан тұратын қазылар

алқасы құрылады. Байқаудың қазылар алқасының құрамын байқауды ұйымдастырушылар бекітеді. Қазылар алқасының төрағасы көпшілік дауыспен сайланады.

2.8. Конкурсақа ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптар:

- конкурсақа ұсынылатын құжаттардың толық пакеті бар өтінімдер ұйымдастыру комитетінің электрондық мекенжайына тіркелген құжаттармен электрондық пошта арқылы жіберіледі: abaimushaira2020@mail.ru Сонымен қатар, өтінімдер мына мекен-жай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 74 а, «Педагогикалық Ғылымдар академиясы» ҚБ. Хаттың тақырыбында қатысушының аты-жөні көрсетіледі. Қосымша жөнелтімдер жағдайында хат тақырыбы өзгермейді;

- тақырыбы хакім Абай мен оның шығармашылығына қатысты; өлеңдердің тақырыптық, идеялық мазмұны мен көркемдік деңгейіне ерекше көңіл бөлінеді;

- мәтіндік құжаттардың форматы: word for Windows 6.0 және одан жоғары нұсқасы Times New Roman № 14 қаріптерін, интервал 1 қолдану қажет;

- жұмыс көлемі: 12-ден 40-қа дейінгі өлең жолдары немесе шағын проза;

- Word for Windows мәтіндік құжаттағы фотосуреттерді jpg немесе PDF форматында қосымша ретінде жіберу қажет;

2.9. Конкурсақа қатысуға өтінімдерді қабылдау 2020 жылдың 1 тамызынан бастап тұрақты түрде жүргізіледі. Толық құжаттар пакетімен өтінімдерді Ұйымдастыру комитеті 2020 жылғы 15 қыркүйек сағат 18.00-ге дейін қабылдайды.

2.10. 2.9. бойынша көрсетілген күннен кейін алынған өтінімдер қаралмайды және Конкурсақа қатысуға жіберілмейді.

2.11. Конкурсақа жіберілген барлық материалдар кері қайтарылмайды.

2.12. Конкурсақа қатысушылар конкурстарға жіберілген жұмыстарда авторлық құқықтарды (музыканы, фото, мәтіндерді және т. б. заңды түрде пайдалану) сақтауға кепілдік береді және

осы мәселе бойынша барлық мүмкін болатын даулы мәселелерді өз бетінше шешуге міндеттенеді.

2.13 Конкурс жұмыстарын ұйымдастырушылар авторлық құқықты сақтауға кепілдік берген жағдайда (Авторға сілтемелерді міндетті түрде пайдалану арқылы) Конкурсты танымал ету мақсатында пайдалана алады.

2.14. Конкурстық материалдарды бағалау критерийлері:

- шығарма идеясы және композициялық тұтастығының болуы;

- тілдің стилистикалық және тілдік сауаттылығы;

- әдеби тілінің байлығы;

- тақырыпты дұрыс аша білу;

- шығармашылық даралығы мен бірегейлігі;

- қазіргі заманның өзекті мәселелерін көтере білу;

2.15. Әрбір критерий бойынша бағалау 5 балдық шкала бойынша жүргізіледі.

2.16. Жеңімпаздар жинаған балдардың сомасы бойынша анықталады (ең жоғары мүмкін балл саны-30).

2.17. Ұсынылған жұмыстар жоғарыда көрсетілген критерийлердің әрқайсысы бойынша баллдық баға қою арқылы бағаланады. Әрбір өлшем бойынша бағалар жинақталады және қатысушының қорытынды бағасын құрайды. Ең жоғары қорытынды бағасы бар қатысушылар конкурстың жеңімпаздары болып жарияланады. Бірнеше қатысушының қорытынды бағалары тең болған жағдайда конкурстық комиссия жеңімпазды дауыс беру жолымен анықтайды.

Конкурстық комиссия мүшелерінің бірі келмеген жағдайда, Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкілі енгізіледі.

Сондай-ақ, қатысушылардың мүдделерін қорғау үшін әрбір қатысушыға реттік нөмір беріледі, олар сондай-ақ нөмірлері бойынша бағаланатын болады. Реттік нөмірлері бар қатысушылардың толық тізімі тек ұйымдастырушыларда болады.

2.18. Конкурс қорытындысы бойынша қарсылықтар, апелляциялар, шағымдар қабылданбайды.

2.19. Конкурса қатысудан бас тарту себептері: конкурса қатысуға өтінім беру мерзімдері мен регламентін бұзу, үміткердің дұрыс емес мәліметтерді көрсетуі, сондай-ақ оның кез келген кезеңінде конкурса қатысудан жеке бас тарту болып табылады.

2.20. Қатысушы Осы Ереже бұзылған немесе конкурстық комиссияға, Ұйымдастыру комитетіне немесе конкурстың басқа қатысушыларына дәлелсіз және дәрекі қарым-қатынаста болған жағдайда конкурстың кез келген кезеңінде конкурстан шеттетілуі және алынып тасталуы мүмкін.

2.21. Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты республикалық байқау онлайн жағдайында өтуі мүмкін.

2.22. Байқаудың қорытынды кезеңінде байқауға қатысушылардың онлайн режимінде өткен жағдайда қатысуы және өз шығармасын оқу міндетті.

2.23. Республикалық конкурстың видеосессиясында байқауға қатысушылар мен қазылар алқасының қатысуы міндетті. Байқау видеоға толық жазылатын болады.

2.24. Барлық дипломдар, сертификаттар және алғыс хаттар электронды түрде өтінім қабылданған электрондық мекенжайға жіберіледі.

3. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

3.1. Қазылар алқасы Гран-при, 1-ші, 2-ші және 3-ші орын иегерлерін анықтайды және жеңімпаздарды дипломдармен және арнайы сыйлықтармен марапаттайды:

Жүлде қоры:

- бас жүлде - 500 мың теңге.
- 1 орын - 300 мың теңге.
- 2 орын - 200 мың тг.
- 3 орын - 100 мың тг.

Ескерту: байқау онлайн жағдайында өткізіліп, қаржы үнемделген жағдайда жүлде қорын ұлғаюы мүмкін.

3.2. Республикалық конкурса қатысушылардың өмірбаяндарының ақпараттық жинағы жеке кітаппен дайындалады және шығарылады;

3.3. Конкурса қатысу бойынша барлық шығындарды - оның ішінде конкурс жеңімпаздарын марапаттау өткізілетін жерге, тұру және тамақтану бойынша шығындарды конкурсты ұйымдастырушы көтереді.

3.4. Егер конкурс жеңімпазы марапаттауға өзі келе алмаса, марапат оның шотына аударылады. Марапатты жіберу бойынша шығыстарды конкурсты ұйымдастырушы жүзеге асырады.

Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған жас ақындардың республикалық «Мүшайра» байқауын ұйымдастыру бойынша мастер-класс бағдарламасы

Мастер-класс тренері: халықаралық «Шабыт» фестивалінің дипломанты, Ерік Асқаров атындағы облыстық жас ақындар мектебінің «Жазба ақындық» бойынша жетекшісі – Зағыпар Аманжолдың бағдарламасы.

1. Абай әлеміне бүгінгі көзқарас (30 минут).

- a) Ғұлама, ойшыл, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, сазгер, данышпанның тұлғасын тану.
- b) Рухани мұрасын бойға сіңіру, ойға дарыту.
- c) Ұлттық, елдік, азаматтық танымын талдау.

2. Азаматтықтың негізі - білім, ғылым, тәрбие (30-минут).

- a) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»
- b) «Ғылым таппай мақтанба»
- c) «Сенде бір кірпіш дүниеге»

3. «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» байқауға қатысқан жас ақындардың шығармаларын талдау (30- минут)

- a) Тақырыпты ашуы.
- b) Өлеңдерінің деңгейі, мазмұны, бағыты.
- c) бағыт- бағдар беру.

4. «Ақын болу міндет емес, азамат болу керек» (30-минут).

- a) Толық адам тұжырымы.
- b) Ұлттық рух, намыс, ар, болмыс.
- c) Атаңның емес халқыңның ұлы болу.

**«Абайдың 175 жылдығына арналған
жас ақындардың республикалық «Мұшайра» конкурсын
ұйымдастыру бойынша іс-шаралар кешенін өткізу»
әлеуметтік жобасы аясындағы «Әдеби жазу дағдыларын
дамыту» тренинг бағдарламасы**

Кіріспе

Кез келген әдеби үдеріс жазушыдан немесе ақыннан үнемі шығармашылық жетілу мен ізденуді талап етеді, ал аталмыш мәселе шығармашылық жолға жаңадан түскен жазушылардың жалғыз өзінің қолынан үнемі келе бермейді. Мұндай жағдайда интерактивті сабақтардың көмегі әрине, зор. Бұндай сабақтар жас буынның бойындағы шығармашылық қабілеттерінің ашылып, өзіндік ойын ашық та дәлелді білдіруге үйретеді. Өзге қатысушылармен арадағы коммуникативтік қарым-қатынасты орнатуға септігін тигізеді. Шығармашылық жолдың түрлерін танытады.

Осы орайда тренинг түрінде сабақ өткізуді ұсынамыз. Тренинг тұлғаны оқыту мен дамытуға бағытталғаны және шағын теориялық модульдер түрінде бір жүйеге біріктірілген түрлі жаттығулар мен ойындар кешенінен тұрады (5-15 минуттық). Тренингтің болжамды нәтижелерін дамытудың жылдамдығы мен тиімділігі әдетте дербес адамға қатысты болады, себебі тренингтерге қабілеттері әр түрлі деңгейдегі адамдар қатысады.

Біздің «Әдеби жазу дағдыларын дамыту» тренингіміз жас ақындар мен жазушыларға жаңа шығармалар жазуға көмектесетін кәсіби жазудың практикалық дағдыларын қалыптастырады, соның арқасында отандық әдебиеттің байи түсуіне жол ашылады. Бұл, әсіресе, болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алып жатқан жастар үшін өте қажет және маңызды. Әрі сауатты жазуға, әрі шығармашылықпен айналысуға машықтандырады.

Тренинг атауы: «Әдеби жазу дағдыларын дамыту»

Тренингтің өткен орны: М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ, Петропавл қаласы.

Тренингтің өткен уақыты: 09.09.2020, сағ. 14.00-16.30

Тренингті өткізген: филология ғылымдарының кандидаты, доцент Кулибекова Жанар Сейілбекқызы.

Электронды пошта: 19zhanka71@mail.ru

Тренинг өтетін жүйе: ZOOM платформасы

827-430-75-28, Пароль - 251667

Қатысушылар: «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2,3, 4 курс студенттері

Тренингтің басты мақсаты: жас дарындарды анықтап, шығармашылық жұмыстарына (өлең жазу, шығарма, мақала, эссе) әсер ету, қолдау көрсету, ақыл-кеңес және бағыт-бағдар беру, теориялық біліммен қаруландыру, тәжірибе барысында қолдана алуларына машықтандыру.

Тренингтің міндеттері:

1. жазушы шеберлігінің дағдыларын игеру бойынша пайдалы ұсыныстармен және жаттығулармен таныстыру;
2. оқушыларды өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйретеді;
3. әр түрлі сөздермен жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастыру;
4. жазуды жаңа бастаған жазушылардың көркемдік және практикалық деңгейін арттыру;
5. тренингке қатысушылардың креативті және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған табыстылық жағдайын қалыптастыру.
6. Өз ой-пікірлерін ортаға салып, өзге қатысушыларды тыңдай білуге үйрету.

Тренинг соңында қатысушылар төмендегі мәселелерді біліп шығады:

- жазбаша хабарламаны қабылдауға барынша түсінікті ету, белгілі бір ойды, пікірді қабылдау үшін оңтайлы тәртіппен, жүйемен баяндау;
- мәтінді сауатты құрастырудың қағидалары мен ережелерін қолдана отырып, мәтіндер құрастыру;

- ойды дәл және анық айту;
- сөйлеу кезіндегі типтік қателерді анықтау: сөздің сәтсіз таңдалуы, сөздер үйлесімділігінің бұзылуы және т.б.
- Кез-келген көркем туындыны келістіре оқып, көркем шығармадағы сөз сырының мағынасын ұғынып қана қоймай, шығармашылық қабілеттері шыңдалады;

Тренингті өткізу әдістері: әр түрлі тақырыптағы мәтіндерді құрастыруға арналған жаттығуларды орындау, мәтіндерді талдау және оларды түзету және практикалық тапсырмалардың басқа түрлері.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1. Кіріспе блок (шамамен 15 минут)

Тренер тренингтің мақсаты, міндеттері және ережелерімен таныстырады. Аудиториямен танып-білуге, танысуға арналған жаттығуларды орындау.

2. Ақпараттық блок (шамамен 10-15 минут)

Жазушылық шеберлік (жазушылық, хат, копирайтинг, әдеби қызмет) – бұл адамның басқа адамдар оқуға арналған сөздік шығармаларды жасаудағы қызметі.

Жаттықтырушы: *біріншіден*, біз жазушылық туралы сөйлескен кезде ынталандырушы құрамдас бөлікті атап өткеніміз жөн. Болашақ авторлардың көпшілігі бір де бір жол жазбастан ойынан бас тартады. Сондықтан мына мәселелерді түсініп, осы сұрақтарға жауап бере алуы қажет:

Бұл не үшін қажет?

Сіз мұны не себепті жасайсыз?

Мені не (немесе кім) шабыттандырады (қандай образдар, дыбыстар, сөздер, оқиғалар)?

Шабыт. Қай кезде оянады, келеді?

Екіншіден, жазушыларды табысты ететін қасиеттерге тоқталайық. Бұл:

1. Оқығандық және білімділік, жақсы тәрбие.
2. Мотивация, жазуға деген құштарлық, еңбекқорлық және табандылық.
3. Кең белсенді сөздік қор.
4. Сауаттылық, қазақ тілінің ережелерін білу.

5. Ойлаудың үйлесімді дамыған логикалық және шығармашылық түрлері.

6. Жазбаша сөйлеудің жанрлық, стильдік және құрылымдық ерекшеліктерін білу.

Үшіншіден, кез-келген мәтінді жазу дегеніміз - содан басталатын риторикалық ұстаным. Бұл келесі сұрақтарға жауап беруді білдіреді: Мен не туралы жазамын? Мен не үшін жазамын? Мен кім үшін жазамын? Мен қалай жазамын? Яғни, сіз тақырыпты, мақсатты, кімге арналатынын, стилистикалық және жанрлық форманы анықтап аласыз.

Төртіншіден, мәтін стилін білу және ажырата білу маңызды. Әдетте стильдер келесідей болып бөлінеді: сөйлеу, іскерлік, публицистикалық, ғылыми және көркемдік. Соңғы үшеуіне тоқталайық.

Бесіншіден, сөйлеу түрлерін ажырата білу керек. Әдетте әңгімелеу, сипаттау, пайымдау деп жіктейді. Көбінесе қателесіп, оларды сөйлеу стилімен шатастырады. Сөйлеу түрі – *бұл баяндау тәсілі, сөздер мен сөйлемдерді логикалық қисында құра білу.*

Талдап көрейік.

Баяндау – оқиғалық мәтін, яғни оның сөйлеу ерекшелігі – етістіктердің көп болуы мен іс-әрекеттің дәйекті дамуы. Мәтін «не? қайда? қашан?» – не болды? қайда және кіммен болды? қашан болды? деген сұрақтарға жауап береді.

Сипаттама – бұл объектінің, құбылыстың, оқиғаның сөздік бейнесі.

Мысалы, сипаттама портреттік, пейзаждық болуы мүмкін; жазба нысаны кез-келген нәрсе – адам да, оның эмоционалды жағдайы да, жануар да, өсімдік те, қандай да бір орын да (қала, қонақ үй, саябақ, ауыл) және ауа-райы да болуы мүмкін. Сөйлеу ерекшелігі – зат есім, сын есім, үстеулердің басым болуы, әрекет аз және мәтіннің орнықты жазылуы.

Пайымдау – бұл ойды дамыту және растау, құбылысты (заттың қасиеттерін) түсіндіру және өз пікірін білдіру. Пайымдау «неге? не үшін?» деген сұрақтарға жауап береді.

3. Практикалық блок (шамамен 40 минут)

Жаттықтырушы: енді практикалық бөлімге көшейік.

1-жаттығу. «Өзіне-өзі синонимайзер»

Кез-келген кең тараған бір сөзді алып, оған мүмкіндігінше көп синоним ойлап табыңыз. Мысалы, «қыз» сөзін алайық– бойжеткен, сұлу қыз, жас қыз, сеньорита, мадемуазель, шөпжелке, аққұба қыз/қараторы қыз және т.б. жалғастыра аласыз. Сонымен қатар, әр синоним негізгі сөзден кейбір – семантикалық немесе эмоционалдық нюанстармен ерекшеленетініне назар аударыңыз.

Бұл қатарда қазақ халқының қолданысында бар келесі сөздерді әйел адамға деген қатынасты білдіретін "төменетекті", «шашы ұзын, ақылы қысқа» деген сөздерді келтіруге болады.

Енді өз сөзіңізді алып, синонимдерді баған түрінде жазып, олардың қайсысы қай жерде, қандай жағдайда қолданылатыны туралы ойланыңыз.

1.1 2-жаттығу. «Палиндром»

Палиндром – солдан оңға және оңнан солға қарай бірдей оқылатын сөздер. Ең танымал палиндромалар:

- «Алла», «нан», «апа», «ата», «шаш», «іні», «аға», «ара», «ала», «ана»,
- «қазақ», «қабак», «қырық».
- «кесек», «кезек», «керек».

Бұндай қатарды жалғастыра беруге болады, яғни, туыстық атаулар немесе іс-қимыл, етістік ретінде келетін сөздер де баршылық екеніне көз жеткіземіз.

Қатысушылар өте көп нұсқаларды келтіре алды.



3-жаттығу. «Әңгіме құраңыз»

Суретке қарап, көркем әңгімені қалай бастауды ойлап табыңыз. Мынаған назар аударыңыз: Оқырманда қажетті эмоцияларды қалай туғызуға болады? Кеңес: оқырманның жан-дүниесінде қажетті эмоциядағы образдарды туғызу; оқырман образын шығарманың кейіпкерімен байланыстыру.

Нәтижесінде қатысушылар 3-5 мин уақыт ішінде суретке байланысты туындаған ассоциация негізінде бірнеше әңгіме сюжетін құрастырып, ортаға салды. Біреулеріне бұл сурет ерлі-зайыпты немесе ғашықтар арасындағы қарым-қатынас туралы ой салса, кейбіреулеріне ағалы-қарындасты туыстар арасындағы жылы сезімдер жайлы ойға жетеледі, тіпті олардың жас мөлшері мен айналысатын мамандығы да суреттелді. Жаттығу өте пайдалы болды.

4-жаттығу. «Қандай стиль екенін табыңыз»

Қатысушыларға әр түрлі мәтіндер ұсынылады. Міндет олардың стилін қарастырылған ақпаратқа сәйкес анықтау.

Ескерту: аудиторияның белсенділігі мен дайындық мөлшеріне байланысты қосымша материалды немесе жаттықтырушының жеке портфолиосында қарастырылған басқа жаттығуларды ұсынуға болады.

Осындай жұмыс түрлерін жүргізе отырып, оларды айналадағы немесе қиялдағы әр қилы заттардың қасиеттерін одан да жақсы білуге, тануға, атын атай білуге, қасиеті мен

сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Осы аталған міндеттерді үнемі мәтінмен жұмыс жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Сөздік қорын, тілін дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше.

4. Қорытынды блок (шамамен 10 минут)

Қорытынды шығару.

Рефлексия, кері байланыс

Өлеңдер



Абжалова Динара

М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Ұлы Хакім Абайға

Халқым үшін ақын болып таңылсам,
Ақынмын ба, бір сөзден мен жаңылсам?!
Арман барма дүниеде мен үшін,
Абай атам секілді ақын болсам!

Кітаппенен, білімменен сусындап,
Өсіп келем(ін), әр жырыңнан қуат ап.
Абай ата- дана баба мен үшін,
Өтермін мен мәңгілік жырын жаттап.

Қара сөзің ақыл бізге әрқашан,
Мұңаймаймын, ұмытпаймын ешқашан.
Әрқашанда демеп мені жүретін,
Күн нұрындай, Абай сөзін бер маған!

Жұлдыздай аспанымда қалықтаған,
Ән жазудан ешқашан жалықпаған.
Қазағымның поэзия әлемінде,
Абай атам ерекше орын алған.

Рухани бір күш берші, Абай ата,
Ойым бәрі кетеді сан мың жаққа.
Өнер, білім таусылмас білемін мен,
Ақын болу мақсатым болашақта.

Ұлылықтың патшасы- Абай ата,
Жұлдызайын жарқ еткен- дара тұлға.
Жаның тыншып, жатқан шығар бүгінде,
Бар жүкті мұра етіп, ұрпағыңа!



Абжалова Динара
М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Есімің засырлар шебінде

Маңдайына қазақтың Тәңір берген,
Абай дана, Абай Ұлы бәрінен.
Өшпес мәңгі Абайдың ізіменен
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.

Мұрасымен сусындап мен нәрленем,
Ардақты ғой жасынан да кәріден.
Оның үні - әр заманның өмірі
Құнды «Қара сөздері» мағыналы мәнімен.

Әр жерде қалмасыншы ұрпағым деп,
Қалдырып кеттің бізге тұтас білім.
Ақылменен тәрбиені ұштастырып,
Қара сөзден қара өлең құрастырдың.

Сөз әлемі тек өзіңмен мағыналы,
Сен айтқан ақылға ол бағынады.
Өлеңмен сүрлеу салған бір өзіңді
Қазақтың қара өлеңі сағынады.

Пір тұтып, сақталады асыл атың,
Мың құлпыртып дария сөзін қазақтың.
Жамбылдай жүз жасап отырар ең,
Бірақ-та, ерте кетіп қалыпсың сен.

Өтіп жатыр мерейлі тойың бүгінде,
Ақ жүрекпен арнаймын бір өзіңе.
Шабытымды неге бүгін жазбаймын,
Жүз жетпіс бес жас туылған күніңе.

Әділдік пен ақиқатты серік етіп қасыңа,
Ақындардың әрқашан тұрасың сен басында.
Даңғыл жолды салдырып мына қазағыма,
Өзінді поэзияның теңер едім патшасына.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Ермек үшін немесе өлмек үшін.
Жаздым үлгі сіздерге бермек үшін,
Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін.





Ақжігітова Ажар
М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Абаймен тілдесу

Бұл өлең түс емес өң де емес,
Жәй ғана қиялдай түнгі елес.
Ұлы ақын бейнесін көрген соң,
Өлең қып жазбаған жөн де емес.

Бұл өлең ұнар-ау кім кімге?
Баршаға ұнауы мүмкін бе?
Абайға мен емес ақ парак
Арнапты өлең жыр бір түнде .

Мен емес себебі ессізбін,
Жасадым жұмысын ессіздің.
Күндіз-түн арылтып ұйқыдан
Оу, Өлең, қара күн кешкіздің.

Абайға түнімен сыр шерттім,
Ананы мынаны жыр еттім.
Данаға, дараға жыламсып
Азабын төгіппін бір дерттің.





*Ақжігітова Ажар
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

Дана Абай!

Кешіргің, жазалман мен өлең,
Жансам да, шоқ болып қайтадан мен сөнем.
Не қылам өлеңді, дос емес менімен,
Жазғаны шығар деп тағдырға мен көнем.

Көнем ғой бірақ та, шабыт бар өлең жоқ,
Жазғанмен сапа бар дегенмен көлем жоқ.
Қысқа да нұсқа бір жазылған өлеңнен,
Оқыған пендеге әйткенмен төлем жоқ.

Бастасам қара өлең аяқтау тым қиын,
Осындай бір шақта шарасыз тұр күйім.
О Абай, қызыңа жол сілте, бағыт бер,
Жағдайды түсініп жасап айт бір түйін.

Мен жоқпын өмірде жүз жетпіс бес жыл өтті,
Ұлы ақын келгенін халқым да көп күтті.
Дара қыз, дана қыз ақылың болса егер,
Өлең жаз тоқтама, қуантқың бар жұртты.

Өлең - ол таусылмас берілген қазына,
Дарын боп дарыған алтын ғой басыңа.
Бекерге кетірме бағалы уақытты,
Қарама қызбын деп, қарама жасыңа.

Жаспын ғой демегің үлгермей қаласың,
Жарқ еткен арман боп сапарға барасың.
Алға ұмтыл, шегінбе қарама артыңа,
Сонда сен мендей боп, Мағжандай жанасың,

Сонда сен ұғасың өлең, сөз сарасын,
Сонда сен ұғасың халықтың жарасын,
Сонда сен ұғасың даланың баласын,
Сонда сен ұғасың азаптың қарасын,
Сонда сен ұғасың қазақтың данасын...

Осы бір сөздерден ұғындым мол бұйым,
Көңілім марқайды, тамаша тың күйім.
Ендігі мақсатым қолдану игі іске,
Тәңірдің керемет берген бұл бір сиын.





*Алданыш Тілеуберді
Уәлиханов ауданы, СҚО*

Абай түн әлемінде...

Өмірді біліп, ерте тануға
Сезім жүреді. Қалмай жаныңда
Ұлы Абайда ғашық жүрегін
Арнапты тек бір аруға

Асау жүрек бір тынбаған
Сезімі күшті, түнді ұрлаған
Естіле береді Тоғжанның
Шолпы үні сыңғырлаған.

Тоқтамайды. Зымырап уақыт
Арман деген бітпейтін бақыт
Түн әлемінде ұлы ақын
Сыртқа шықты ойланып жатып

Шабыты кетті қырды асып
Үнсіз түнмен мұңдасып
Кете барды жетелеп
Табиғат анамен сырласып

Бағдарлап ұзақ жақынды
Сезініп жылы салқынды
Әсем бір бөлек күй кешкен
Тыңдап тұр дала ақынды

Түндігі түннің түріліп
Сырлы әлемнен тіл ұғып
Табиғатпен аруға махаббаты
Өлең болып шықты бірігіп

Қырмен далаға тез жетіп
Аспанда айды тербетіп
«Желсіз түнде жарық ай»деп
Кетті ұлы Абай әндетіп

Аралап ән-жыр бақтарды
Өлеңмен мұңын ақтарды
Әніне қосты ғашығын
Кезіккен сол бір шақтарды

Осылай жазған әнін
Көрікті етіп.
Адамзатқа табылмастай
Жерікті етіп.
Қазіргі ақындарда жазса екен
Табиғатқа Абайдай еніп кетіп.





*Алданыш Тілеуберді,
Уәлиханов ауданы, СҚО*

Абай атамызға!

Сыйлаған,зыр жүгіріп басқан жері,
Құнанбай ел билеген тасқын еді.
Тағы бір ұл әулетіне қосылып,
Есігін дүниенің ашқан еді.

Ол, Абай, жүрегі елжіреген,
Тұлымшағы танауында желбіреген.
Өмір өтет осылай қызығымен,
Бітпейді ғой таралған, кең дүниең.

Естіп өскен әжесінің ертегісін,
Қазақтың ұмытылмас көркемісін.
Жүрегіңмен түсіндің жақын ұғып,
Қорлық көрген кедейдің күнкөрісін.

Алыстың жалғыз өзің болыспенен,
Ояз болған керағар орыспенен.
Ешкімде бай болысқа қарсы шығып,
Айналысып көрмеуші еді сол іспенен.

Мансап,байлық қызықтырмай көңілді,
Жақын танып ұғына алдың өмірді.
Мәңгі ұрпаққа мұра болып қалуға,
Қаламыңнан қара сөзің төгілді.

Ойламайтын жаманшылық,арамды,
Абай атам міне осылай жаралды.
Сезіміне еліктірер әндері,
Кең сахара қазағыма таралды.

Мінезінен жағымпаздық табылмай,
Сүйетін ол әділдікті жанындай.
Оқығанда тебіреніп өлеңін,
Ет жүрегің елжіреді қабылдай.





*Алданыш Тілеуберді,
Уәлиханов ауданы, СҚО*

Қырық бес сөздің ішінде

Өшпей мәңгі қалуға,
Қара сөзің төгілді.
Сара жолды тануға,
Түсіндірді бізге өмірді.

Үлгі тұтып жаттаймыз,
Даралық жатқан сөзінді.
Жүректе тек сақтаймыз,
Дана тұтып өзінді.

Қара сөзбен әсемдеп,
Халыққа терең ой салдың.
Сөз берместерден есең көп,
Талайларды тойтардың.

Елдің қамын ойлаған,
Болашаққа айтар мұң.
Билермен талай оязды,
Бір-ақ сөзбен қайтардың.

Ғылым,білім бәрі бар,
Қырық бес сөздің ішінде.
Көңілмен ұғып тәлім ал,
Үлкенің және кішінде.

Жан тәніңмен ұға алсаң,
Керек болар ісіңе.
Мағынасы терең біле алсаң,
Тыңдайды басқа кісінде.

Тәрбие тәлім тағы бар,
Қырық бес сөздің ішінде.
Шөлдеген елің сағынар,
Зымырап жылдар көшінде.

Бос уақытта ұйықтамай,
Таң намазбен бесінде.
Ынтамен оқып түсінсең,
Қалады мәңгі есінде.

Тереңде жатыр тағылымың,
Мұра болып қалды ұрпаққа.
Өмірге деген танымың шын,
Сақталады мәңгі құндақта.

Кішіреймес алыбымсың,
Табаны таймас сырғақта.
Қазақтың дара ақыны болып,
Жаралғасың-ау құрсақта.





Ахылбекова Дина
М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Ұлы Абайға

Жадымда тұр әлі де Абай үні,
Жүрегімді тербеткен талай жыры.
Ақыл,қайрат,жүрегімді қатар ұстап,
Мендағы жаздым саған арнау жырды.

Ұлжан Зере аналардан алып туған,
Қазақтың бас ақыны-жарық тұрған.
«Өзіңдей жан бармекен?» бұл ғаламда,
Қасиетін әр сөздің шын ұқтырған.

Әр сөзінің астары бар шынайы,
Әрбір сөзі шуақ болып тарайды.
Бұл Абайды оқымаған әрбір жан,
Өзін қалай «қазақпын» деп санайды.

Абай атам қазақта орны бөлек,
Сөзіменен санаңа кірген ерек.
Әрбір сөзін маржандай қатар тізіп,
Сол маржанның әрбірін бізге бермек.

Оятып сен талай адам санасын,
Ұлы ақын,ұстаз әрі- данасың.
Қазағыңның әр үйін де тұратын,
Мәңгі өшпес, жанып тұрған-шырақсың!

Ақылымен толтырып кітапты лық,
Бұл не деген данышпан ақылдылық.
Қар көзін көрмедік десекте біз,
Қара сөзін оқыдық,қуат қылдық.

Бағыт алып келемін ақылыңмен,
Тұла бойым тұнып тұр өнеріңмен.
Бойымда сенің ыстық қаның бар да,
Қанат жайып жүремін әлі де мен.

Неше жылдар неше ғасыр өтсе де,
Ұмытылмас есімің де ерекше.
«Өр ғасырдың бір туары» деп біздер,
Көтеріміз сонау биік көктерге.





*Ахылбекова Дина
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

Мыңмен жалғыз алысқан ұлы тұлға

Өшпес мұра қалдырған ұрпағына,
Ешбір дағы тимеген ұлт арына.
Ұлы ойшыл ақынның ұлы тойын,
Ақтарыла жырлаймыз біз сағына.

Біз үшін салып кеткен дара даңғыл,
Жарық сәуле шашатын даладан нұр.
Сөз маржаны қалады ақындардан,
Ой асылын аларсың данадан кіл.

Сөзі-жақұт қалдырған ойы-алтындай,
Ұлы тұлға биіксің сонау шыңдай.
Қай қазақтың мүлгуге қақысы бар,
Абайды оқып болған соң ояу тұрмай.

Басқан жолын қарасаң, тым бұралаң,
Бір тұңғиық айнала тұнжыраған.
«Қашан ғана түнектен шығады-ау»-деп,
Ұлтын ойлап, сонда, Абай шын жылаған.

Оқымасаң білмейсің түкте Абайды,
Білмеймін сол кездегі жұрт қалай-ды?
Қазақтың қамын жеген қара нарды,
Қас надандар жіберген ит талайды.

Абай солай, шындаса тегінен де,
Деп ойлама елінен жеріген бе?
Екі иығы түскенше есе бермей,
Ер азамат сүйреген елін өрге.

Ғылыммен ұлтының көзін ашқан,
Ұлы тұлға ойшылсың көп ұнатқан.
Ұрпағына болатын мың жыл азық,

Абайдың өзі мақтан, сөзі мақтан.
Қазақтың жарқыраған күні шында,
Мыңмен жалғыз алысқан ұлы тұлға.

Биыл бізде мереке, дәстүлі той,
Еш қазақтың қақысы жоқ ұмытуға!





*Ашимхан Абылайхан
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

«Абайсыз»

Күн сүйдің.
Мейір сүйдің.
Арай сүйдің.
Елім деп емірендің.
Талай күйдің.
Сен осы, осы кездің ақыны едің,
Өткен күн мандайына қалай сыйдың?

Береді күрең сөзге кім азаттық,
Ақылы көп болғанға кінә жаптық.
Тіріңде сабағандар бүгін сенің,
Түнейді мазарыңа мінажат қып.

Шағылған күн сәулесі тасқа құлап,
Көңіл жылап болмайды, аспан жылап.
Түсіме жиі енді: «Абайла»,—деп,
Қара ауыл, Шыңстау мен Қасқабұлақ.

Жүруді арман етіп табандамай,
Бет алдық қай бағытқа, қалай қарай?
Біз бүгін осы қәлге оңай жеттік,
Абайсыз, абайламай.

Ғасырлар — көкпарлар мен аламандар,
Ал, бүгін, бұны түсін, мынаны аңғар,
Біз сені бүгін тағы сабар едік,
Ақылды кімге жақсын ұлы адамдар.
Тәңірдің айтамыз ғой ісі деп бұл,
Бір күдік қарқылдайды.

Іші кепкір.
Өзінен қалған қайран құлын жырлар
Әнекей кісінеп тұр.





*Ашимхан Абылайхан
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

Абайға арнау!

Ақыным оза туған заманында,
Ұшталған уақытында қаламы да.
Қара өлең, қара сөзді өрістеткен,
Абайым, қазағымның ұрпағына!

Сөйлейтін-ді ақынның сол бір тілі-
Төгілсе, жыр еткен-ді елдің күйін.
Ғасыр бұрын қалаған азат таңын,
Ойлаған ертелі-кеш қазақ хәлін.

Қырық жаста ғылымға ден қояды,
Талантын бойындағы мойындады.
Рухы биік ұлтының қамы үшін,
Адал қызмет етуге ант ұрады.

Дүниенің тарихын, ағымдарын,
Зерттеп әбден үздіксіз саралады.
Қасиетті Құранды негіз етіп-
Өзінің кемел бойына нәр алады.

Сопылық жолда Исламмен ойы толысып,
Аллаға адал жүрегін байлап, болысып.
Тәрбиенің беріп ордасын талай сан түрін,
Қалдырды бүгін қазақ ұрпағына із қылып.

Ұлы Абай сәуле сынды бар жанға,
Сүймейтін адам жоқ шығар сірә, жалғанда.
Ақынның жазған, мұра боп қалған мирасы,
Жарық шам секілді қапаста қалған жандарға.

Қара сөздерің біз үшін мына үлгідей,
Өндерің сонау көңілге қуат берердей.
Табиғатты тіл бітіріп сөйлеткен,
Дара жол салған, қазығын қаққан Ай-Күндей!





Ашимхан Ихсан

ҚР Ұлттық Ұлан әскери институты

«Абай ата»

Ұлы қазақ ақыны, Абай атам,
Ақыл, қайрат, жүректібірге қосқан,
Дауыс бермей айтылған өлеңдерің,
Жүрегімнің қара түбін ақтап шыққан.

Аға-сұлтан ұрпағы-Абай атам,
Ұлы ақын, әрі сазгер, аудармашы.
Қазағымның әдебиетін- ағартушы.

Сен дегенде Қазақ халқы тік тұрамыз,
Жүрекпенен жақсыжаққа бет бұрамыз,
Қара қалам, қара сия, қара сөз,
Бұның бәрі ойдан шыққан асыл сөз.

Қара шумак өлеңім сізге ата!
Тамырыңды жалғастырамын бала
Уақыт деген жарқ-жүрқ етіп өте шықты,
Тәуелсіз ұрпағың бар уайымдама!!!





Ашимхан Ихсан

ҚР Ұлттық Ұлан әскери институты

Абайға арнау

Ұлы тұлғаң ұлағатты ұлы Абай,
Ұлы есімің жүрегімде тұрады-ай.
175 жылдығыңды еске алып,
Бүкіл алаш бүгін тағы жырлады-ай.

Ұлы ұстаз есіміңмен мақтанам,
Тіл шыққаннан тірі тұлғанды жаттағам.
Ұлы Абайдың ұрпағымыз біз бүгін,
Ұлы атаның қасиетін сақтағам.

Бір өзіңмен қазағымды танытқан,
Таңдайыма білім нәрін танытқан.
Бар қазағым еске алып тұр тұлғанды,
Құттықтаймын күніңізбен сағынтқан.





Аюпова Данагуль
М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Абай атаға

Теперішті тартқызғанмен текті ортам,
Дей алмаймын ағайынға кек қортам.
Мыңмен жалғыз алыса алмай о ата,
Мыңның бірі боп кетем бе ,деп қорқам.

Қарсы тұру оңай емес, мыңға сан,
Өзің сыңды, өлеңіммен мұңдасам.
Көкті тіреу міндет емес ақын боп,
Жетеді ғой сол көгіңе күн болсаң.

Күн нұрынан қаламыма сия аппын,
Сиямен кетті, кетпейтіні кей дақтың.
Орныңызға өзімді қойып көрейін,
Жан қоярға жер таппаған бейбақпын.

Ой құлагер кермедегі шерді үзер,
О қастандық жанға жара енгізер.
Сәмендерден дүре қамшы жегем жоқ,
Сабындай қысқа өмірдің өзі жегізер.

Атау мені мазалайды ар әлем,
Кейіпкерді ұштастырды әр өлең.
Тағдырымыз бөлек біздің болғанмен,
Ортақ болар қара жермен қара өлең.





Аюпова Данагуль

М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Абай атаға

Абай-дана, Абай-дара, данышпан
Қызыл тілді қара өлеңге шанышқан.
Жамандық пен жақсылықты айырып
Абай атам мыңмен жалғыз алысқан.

Абай-қүдірет, Абай-қасиет, ұлысың
Мыңмен жалғыз алыстыңыз кім үшін?
Қара қазақ қамы үшін толғандың
Мына менің сөзге қосар жырымсың.

Абай-асыл, Абай менің ардағым,
Абай көрген қазағымның арманын,
Елдің қамын жырлап өткен ақынға,
Ел атынан бүгін өлең арнадым.

Абай-ақын, өлең жырдың шебері,
Өлеңінің халыққа көп берері
Абай атам әр жүректе сақталған
Абай атам еңіреген ер еді.

Абай атам зергер еді зерлеген,
Абай-емші, елдің жанын емдеген.
Абай-шебер, Абай жыршы, шешенім
Қызыл тілде ешкімге дес бермеген.

Абай ата халқы үшін жыр жазған,
Аты мәшһүр бар әлемге танылған.
Елі үшін еңіреген еріме
Осы болсын ескерткішім қалдырған.



*Аяған Диас
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

Абайға арнау

О, киесі, біздегі жыр-өлеңнің,
Сен туған күн-рухым түлеген күн.
Теңізіңнің түбінде жатқан ойды,
Біле бергім келеді, біле бергім.

Неліктен қайғырады ақын ұдай?
Болмапты болыс пенен жақыны бай.
Ұйқыдағы ұлтыңның санасына,
Жете алмастан қор болған ақылың-ай

Жартасыңнан жаңғырық естіліп мың,
Асылымның қадірін кеш біліппін.
Қара түнде адасқан қазағыңды,
Құрсауынан шығардың ескіліктің.

Заманыңды басқанда қараңғылық,
Жүрегінде қалыпты жамау қырық.
Түсінер жан болмаған күні кеше,
Жүрміз бүгін сөзіңді жалау қылып.

Жырыңа бар ғаламды сыйдырасың,
(Сондықтан да Абайдың сүй мұрасың).
Даналықтың қол созып биігіне,
Ақын біткен алдында иді басын.

Сөзіңе тоқтамасын сезіп көптің,
Бәріне де жүріпсің төзіп, тектім.
Әлі сені келеміз ұғына алмай,
Қанша ғасыр қазақтан озып кеттің?!



*Бағзат Еркежан
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

Хакім Абайға

Көзі ашық, көңілі ояу дара тұлға,
Сокпақ жолмен жүруге жаратылған.
Еске алып тойлауда мерейінді,
Жырларыңды жазылған қанатыңнан.

Илануға себеп бар Жаратқанға,
Жастықшақ тағылыммен таласқанға.
Өзбағытын табады ау ебі болса,
Қара түнек жамылған қарааспанда.

Қайталадым қара өлеңді қазағыма,
Сегізаяқ, өлең сөз ғажабын да.
Ғақлия сөз сабасына түсіреді,
Заманының бөрі қуған тажалында.

Жұлдыздар да жоғалар таңатқанда,
Уақытта кідіретін тағат бар ма?
Білем ата қайратыңды қажымаған,
Сарп еткенсің өлшен бес сағаттарға.

Қалыбына қазақтың телміргені,
Заман өтті бүгінде ел іргелі.
Дінін сүйіп, ғылыммен ұстап отыр,
Қазақ халқы қажырлы теңіргені.

Еңбек қылып еліңе ерледің де,
Налып кейде қайталанған ерме күнге.
Ұмытылмас ұрпақтың жүрегінен,
Ерен деген есілдей еңбегіңде!



Булатова София
М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Поэт ауыла Жидебай

В небесье, выйдя на помост,
Перистых облак горизонт.
Предсказывает тёплый фронт,
Что ветер издали принёс.

Волна зелёного простора,
Раскинулась пред мудрым взором.
Которым смотрит на свой край,
Поэт аула Жидебай.

Природной сути экспонат,
Заворожил акына взгляд:
На белых валов паруса,
Устремлены творца глаза.

В обширной и родной степи,
Слова сплетаются в стихи.
Стихии эти в урожай,
Искусства передаст Абай.

Летает птица над землёю:
Парит на небосводе беркут,
Высматривая живность сверху,
Разведчиком служит герою.

Несётся всадник по равнине,
Подвержен жёсткой дисциплине,
Бесстрашный для детей кумир,
Легендами прослыл батыр.



Булатова София

М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Абай үчиться завещал

Коль мир меняется веками
Людским сознанием и руками,
Должны быть к данному готовы
И жители степных покровов.

Модернизации модели
Достигнут цель не в каждом теле,
Худели б как для идеалов,
Рубашки эти будут малы.

У каждого свой путь-дорога:
Заимствовать что проку с боку,
Скопировать из каталогов
У судьб других, иных нам роков?

Свои имеются традиции
В крупицах знаемых амбиций,
Что сохранились на страницах
Истории страны позиций.

Абай үчиться завещал,
Со старта хоть его начал
175 лет интервал
Всё актуален тот сигнал.

К грядущему столетий стыку,
Чтоб подойти к развития пику,
Культурный код вспомним великий,
Дополненный текущей книгой.

Средь глав: к реалиям готовность,
Вкупе конкурентоспособность,
Открытость мыслей не в условность,
Народа возродить духовность.

Хранить у сердца идентичность,
Да прибавляя прагматичность,
Из всех задач сия первична -
Сберечь у нации этничность.





*Жолтецкий Дмитрий
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

Письмо Абаю

Помогите мне Абай,
Найти себя найти любовь.
Каково это быть поэтом,
Без страха, лжи и лицемерия.

Зачем же жить в этой вселенной?
Если жизнь не имеет смысла?
Ответьте мне, в чем смысл жизни?

Читая ваши стихотворения,
Думаю больше я о том,
Почему все люди равнодушны?

Ведь музыканты и поэты,
Пели и пишут про добро,
Зачем? – Задаю себе я вопрос,
Сумбурная эта тема.

День за днём идут года,
Но не забуду я никогда,
Первой встречи, первых чувств
Учений ваших из мудрых уст

Но скажут мне заткнись, иди.
Твои старания, боли и лишения -
это всё бессмысленные догадки в поисках смысла жизни.

Будь вы рядом Великий Абай,
Было бы так легко понять и простить
Всех людей кто сделал зло.
Но увы все безразличны.
Таков обет в нашем мире.





Ерқанат Аружан

М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Есіме алсам Абайды

Есіме алсам Абайды
Жүрегі мән мен жырлайды
Бойыма еніп күш-қуат
Жүректен сөздер шығады
Абайдай данышпан бар ма екен?!

Бұл бір қисық өмірде
Абайдай ұл туатын
Зередей ана барма екен
Дін мен тілді бойға сіңіріп
Әуретін аспаған өмірде

Ұрпағым Текті болсын деп
Білімнің шыңына жетелеп
Асын беріп адалдан
Ақ қасиетін ананың
Ақ сүті мен сыйдырған

Текті қазақ Абай атамыз
Кірпішін қалаған сөз ұғымын ,
Ақын боп жырлап өмірдің
Қаймағын ұрпаққа қалдырды
Өлсе тәні Абайдың өлмеді
Аруағы бабамның
Өлмеді өшпес өлеңі .





Ерқанат Аружан

М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Ақыл иесі Һакім Абай

Адамға ақыл ой мен көрік берген,
Сауақыл имандының жолына ерген.
Ақылы шексіз ұққан адамға,
Ақыл иесі Һакім Абай дана

Таңдауға түрлі жолды ерік берген,
Ұлы Абай қара сөзді кемелді еткен,
Ар ұят парасат білім дәнін екен.
Бақытына қос дүниенің жетіу үшін
Һакім Абай хақ жолында терін төккен.

Ақындықты небәрі он жасында
Көрікті еткен өлеңдері жырғып жазып,
Келешектің бәрін толғап кеткен.
Артында алғыс алар ісін қалдырып,
Пәниге қонақ болып кеткен Һакім Абай.

Білімдіге құштарлықты ара жігін,
Жалғанды өтірікті ашып берген
Жапырақ уақыт келмей жерге түспес,
Арыңа аш қалсаңда жақпа күйе.

Бұл жалған кімге мәңгі тұрақ болған,
Әуелде адам орынын білген Абай.
Өз әзіл залым ібіліс адамзатты.
Өлең менен көркем деп жарық қылған.

Бәріне дүние тұрақ бола алмады,
Қайғырды ажалға айла таба алмады.

Өлшеніп берген өмір өтіп кетер
Баланың қайғысына төзе алмады
Танытты бар әлемге қазақ елін
Сөз өнерін білдірген һакім Абай.





Қалыбек Д.Н.

ҚР Ұлттық Ұлан әскери институты

«Абай Құнанбаев»

Өмірге келді бала
Ақындықтың тумасы,
Абай деген атамыз.

Жас кезінен баланың
Қолынан келді барлық іс,
Ұлы Дала баласы
Қазақғымның данасы.

Абай, Абай бәрінен биік екен ,
Мен оның өлеңдерін сүйіп өтем
Биік ғой өлмейтін ешқашанда!
Сөздерін жаныма түйіп өтем!

Абай, Абай өлмейтін мәңгі ақын,
Жанына өленді көрді жақын
Абай сынды әлемде бар ма ақын ?
Біз оның ұмытпаспыз мәңгі даңқын!

Абай - дана , Абай - дара қазақта ,
Есімін білмейтін жан жоқ қазақта
Орыстардың бәйтерегі Пушкин ғой ,
Абай ғой бәйтерегі қазақтарда!.





Қалыбек Д.Н.

ҚР Ұлттық Ұлан әскери институты

Абай барда қазақ бар

Ұлы Абайды толғатқан
Ұлжан анам тау мүсін
Дәретпен ғана емізген
Аналық тәртіп қалды шын
Даналық сандық сақтаған
Зередей әжем арлысың
Шыңғыстаудай шын Құнанбай
Атамыз биік қарлы шың
Абайдай ұлды сыйлаған
Қазаққа шексіз алғысым
Абайдан қалды көп ойлар
Адам болайық ар ойлар
Абайды тану арқылы
Өзін таныған талайлар
Білім ғылымға еңбекпен
Жетеміз ғой деп ойлар
Адамзатты сүй деген
Данышпан айтқан қалай дәл
Әдебиеттің сөнбес күнісің
Әуезовтің ашқан тынысын
Әлемде жатыр мойындап
Сақталған сөз бен сарай бар
Абай барда қазақ бар





Қалымова Гүлзат
Айыртау ауданы, СҚО

Поэзия пайғамбары бұл Абай

Өлең-жыры жүрек бойлар ғажап тым,
Бар болмысы ағын судай таза-ақ тым.
Өнегелі ғұмыр кешкен бұл Абай
Бақыты үшін туған дерсің қазақтың!

Өлең-жырдың маржанынан терер ем,
Сол асылды мәңгілік деп сенер ем.
Жауыздықты жалынымен күйдірген,
Мен Абайды жарық Күнге теңер ем!

Көз жүгіртіп өткен күнге жай ғана,
Қалам кейде Абай жайлы ойлана.
Күміс нұрын шашқан ғарыш көгінен,
Мен Абайды ұқсатамын Айға да!

Ақын жаны қиянатқа көнбейтін,
Адамдық пен адалдыққа шөлдейтін.
Абай бізге Темірқазық жұлдыздай,
Болашаққа бағыт берер, сөнбейтін!

«Абай» десем көкіректен күй ақты,
Талапты ұрпақ бабамыздан сый апты.
Парасаттық сөзін айтқан бұл Абай
Поэзия пайғамбары сияқты!

«Абай» десем жыр құйылар көмейге,
Жатыр бабам Жидебайда - Семейде.
Жыр жазамын ұқсасам деп Абайға,
Ақын бабам періште боп демей ме?

Бұл жазғаным – жүректегі сыр болды,
Көктеп жатқан жауқазындай жыр болды.
Абай атам дүниеге келгелі
Биыл, міне, 175 жыл болды.

Құтты болсын бұл мерейтой, Алашым!
Ардақтаған асылы мен данасын.
Біле - білсек, махаббатпен Ұлы Абай
Сүйіп өткен барша адамзат баласын!

Адамды ойлап жаны түскен азапқа,
Абай жолы қайталанбас ғажап та.
Алты алашын алты әлемге паш еткен,
Абай-дана, Абай-дара қазақта.

Жыр жазамын шабыт келсе көз ілмей,
Желдей уақыт өте шығар сезілмей.
Ұстаз болып сөз қалдыру – арманым,
Ұлы Абайдың ұлағатты сөзіндей!

Ұлы Абайдың еңбегі айқын бүгін де,
Бүгінгі күн талабы зор үнінде.
Аударылып жатыр ақын мұрасы,
Барша әлемге, бар адамзат тілінде.

Абай үні жеткендейін құлаққа,
Абай әні естілгендей жырақта.
Алты алашын асыл сөзбен жебейтін,
Абай бізге жетпейтіндей бірақ та.





Қалымова Гүлзат
Айыртау ауданы, СҚО

Жидебай – Абай туған өңір еді

Өлең-жыр маржанынан терсем деймін,
Жетегіне шабыттың ерсем деймін.
Алты алаштың ерекше данышпаны
Абай туған өңірді көрсем деймін.

Даналығы тым терең өлшенбейтін,
Сана нәрін жұртына берсем дейтін.
Қазағымның біртуар ғұламасы
Шәкәрімнің мекенін көрсем деймін.

Жидебайдың жидесін келсем көріп,
Жауқазынын жайқалған көрсем теріп,
Аруағына ақынның дұға оқып,
Ұрпағына ақынның сәлем беріп.

Сәлем беріп Семей тау бұйратына,
Өзеніне жөңкілген ширатыла.
Бір шоқ гүлді аялап қойсам деймін,
Еңлік пен Кебектің зиратына.

Осындай бір арманым бар көңілде,
Дем беретін нәп-нәзік жүрегіме.
Қалықтаған ақтамақ қарлығаштай,
Қиялыммен самғаймын сол өңірге.





Кенесова Гульсана
М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Абай ақынға

Ақындардың пайғамбары киелі,
Бұл ақын да шабытымды демеді.
Қара сөзі, өлеңдері жадымда,
Мәңгілікке от жалындап өшпеді.

Теңеңіз күзді, жазды, көктемді,
Тірі жанға, ғажайыпқа мінезді.
Абай ақын әлеміне зер салса,
Әрбір адам ғибрат алып өтеді.

Махаббатпен шығарылған өлеңдері,
Жүректердің тұңғыығына ілінеді.
Жас ұрпаққа айтылған бар насихаты,
21-ші ғасырға да келіп жетті.

Үлгі тұтам әрқашанда мен сізді,
Жүрегіме қондырыппын өнерді.
Сендіңіз ғой біз сияқты жастарға,
Абай аға, әлі талай ақтаймыз сол сенімді.





Кенесова Гульсана
М. Қозыбаев атындағы СҚУ

О, великий поэт!

На нашей земле Ваше имя звучит,
Вы учили нас жить, патриотом же быть.
Мы берем с Вас пример, мы берем их сполна,
Будет жить в моем сердце Ваша смелость всегда.

Не легка была жизнь, не легки были дни,
Ваша смелость, отвага-это дар от судьбы.
Вы любили природу, Вы любили страну,
Вы доверились нам, изменяя судьбу.

Могу я сказать, что в нашей земле,
Есть люди как Вы, мы гордимся везде.
В глазах у них счастье и искры любви,
Они патриоты и гордость страны.

Дорожат они честью, дорожат и страной,
Казахские земли были нашей мечтой.
Он дарован от Бога, он дарован судьбой,
Он дарован был нам, он дарован с трудом.

Я здесь вдохновляюсь, живу и процветаю,
Я счастлива очень и всем вам желаю.
Поколение пусть наше будет похожа,
На нашего поэта Абая Кунанбаева!





*Кенжебай Индира
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

Ізбасарың мен болам, Абай ата өзіннің...

Білімпазым, қозғаушысы сіз ойдың,
Бөлейтұғын құшағына мерейдің.
Абай ата қалаушысы ізгі ойдың,
Қазақ елі, жері сомен кеңейді.

Әділетті мәңгі ұстаған туы ғып,
Кемеңгерлік қасиеті-ұлылық.
Жамандықпен жан аямай күрескен,
Сыйлай білген өлең-жырмен жылулық.

Туралығы туа біткен қасиет,
Ұғынамыз, әрбір сөзі өсиет.
Ұлылардың бірегейі өзіңсіз,
Барша әлем өзіңізге бас иед.

Абай атам, қайырымды, қайратты,
Білімі терең, абыройлы, ұятты.
Ар алдында ащы терін аямай,
Еңбек еткен жақындатпай ғайбатты.

Оқығанша жырыңды тағат таппай,
Ауға түскен балықтай, шарбақтардай.
Білмей қалсам жырыңызды сезінем,
Өзімді тоқтап қалған сағаттардай.

Абай ақын - елімнің саңлағы,
Өн, жырдың, әңгіменің шаңырағы.
Айтылғанда өнерін жаным толқып,
Тек мұң басқан көңілім жадырады.

Аралаймын сіз жазған жыр алабын,
Із салар бір өзіңіз қуанамын.
Әр өлеңін жаныма қуат беріп,
Шабыт келсе қалам, қағаз аламын.

Баға жетпес тұлпардың тұяғысын,
Талмай жазған сөздің нағыз шуақтысын.
Еліміздің мұң-зарын, арман, ойын,
Бір өзің жазып кеткен сияқтысың.

Ақындар көп аңсаған азат таңын,
Ойлаған ел-халқының озат халін.
Ақиық Абай ата ойлап кеткен,
Екі ғасыр бұрын-ақ қазақ қамын.

Қара өлең, сөздерімен өрістеген,
Әрбір тармақ, шумақтан дәнін терем.
Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
У бар ма деген екен, мен ішпеген.

Әржыры шариғат, иманға бай,
Тәрбие алмайсың бұдан қалай ?!
Тамырын тереңдеткен әдебиеттің,
Қазақ халқы сөйлесін деп шұбарламай.

Бес нәрседен әрдайым қашық болдым,
Бес нәрсеге жетуге асық болдым.
Шабыт келсе, көңілім толды,
Арқасында Абайдың ғашық болдым.

Сөнбейтін сәуле шашқан қазақ үшін,
Алтындай шығармасы мығым күші.
Сатирамен сынап та қазақ ісін,
Имандыққа тартуға салған күшін.

Жыл салып мерейтойың өтіп жатыр,
Қалықтап көгімізде жыр-өлеңін.
Сізге құрмет танытар ұрпағыңыз,
Ал мен болсам нұр үстіне нұр төгемін.

Қара сөзін жасымнан оқып келем,
Өлең-әнін көңілге тоқып келем.
Бес дұшпан бес жақтан алмасын деп,
Жыр жауһарын әлі де шоқып келем.

Қазақ халқы! Бағалаңдар асылды!
Шұбырламай ана тілін тұрғанда!
Кезінде Абай осыны іске асырды,
Өткізді ел солай талай ғасырды.

Біз бай елміз, бізде кең жер, әдебиет,
Тәуелсіздік, ашық аспан, ел тірек.
Қазіргіден қадір тұтпай жүрсіңдер,
Айтыңдаршы, одан басқа не керек ?!

Абай салған дара жолмен жүрейік,
Оған сенсек, адаспаймыз ешқашан.
Басқаларға босқа еліктемейік,
Әр халықтың өз салты бар, сондықтан.

Тәуелсіздік алдық та, төрге міне өрледік,
Аз ғана жылда алпауыт ел боп өрледік.
Әлемде мынау дағдарыс болып жатса да,
Ер қазақ болып намысты қолдан бермедік.

Астанаң қандай! Елімнің болған келбеті,
Ақындар жырлап, бесікке салып тербетті.
Қонақтарын құшақ жая қарсы алып,
Елордам менің асқақтығымен ерлепті.

Әрқашан көтерілісн туын аспанға,
Қазақстаным! Жаңылма сен, жасқанба!
Жете бер әрдайым жеңістерге,
Отаным менің, ешкімнен қалма, баста алға!

Қазақ елі қолына көк ту ұстаған,
Отандастың бәрі де туыс маған.
Алып тастап бойдан жат қасиетті,
Рухани жаңғыруға тиіс қоғам.

Бүгінде еліміздің нұрлы бәрі,
Алыстан естіледі әнұраны!
Кешегі ата-баба өсиеті,
Осы бір жаңғырудың бір құрамы!

Аяласақ бақыт деген қонақты,
Мыңдаған жыл мәңгілік ел боламыз.
Болса егер жас ұрпағы сауатты,
Болашақтың арман отын жағады.

Абай елі құрметке мәңгі лайық,
Тез дамып, әлемді таңқалдырайық.
Рухани жаңғырудың уақытында,
Бәрәміз атсалысып, жай тұрмайық.

Бұл жаңғыру- жаңашылдық нысаны!
Бұл жаңғыру- Абай ата арманы!
Өнегелі ниетімен халықтың,
Өнерімен мойындатсын жаһанды!





Кенжебай Индира

М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Менің Абайым

Абайым - асқар таусызасқақ атын,
Барша әлемге танулы бүгінде атын.
Мақтанышпен жырлаймыз өзіңізді,
Бүгіндікке сақтаулы өнер салтын.

Өлеңі, жыр, шежіре, жазбалары,
Мәңгілікке қалдырған із-тармағы.
Өзімдей өлең құмар ұрпағыңыз,
Жананың жаршысы боп сөз салады.

Өнер-ақыл тараттыңыз ұғып-біліп,
Бойыңызда данагөйлік, біліктілік.
Теңізіннің тереңінен інжу тердім,
Самғау үшін қатарымнан биік тұрып.

Ұлы ақын-Абайдың зор ісі бар,
Қалдырған қара сөздің жемісі бар.
Бар әлемге, халыққа нұрын төкті,
Тараған сол нұрменен өрісі бар.

Атыңызды шығарамын биік шыңға,
Мақсатымды қойғанмын ендігі алға.
Сіз бір жұмбақ адамсың, соны да ойлап,
Шабыттанып аламын қалам қолға.

Бір сіздің қаламыңыздың қарымы бар,
Бірегей дара біткен дарыны бар.
Бір айтса, түптеп, қозғап бетке айтар,
Байқадым күш-жігердің жалыны бар.

Қыранмын мен биікке самғайтұғын,
Ізденемін, оқып-біліп, таппай тыным.
Қолдаушым болыңызшы бір өзіңіз,

Ұдайы тілегім сол тілейтұғын.
Өлең-жырдан өнеге алып ұрпақтарың,
Көрері ашық жол мен жарық, шырақ.
Өміріңіз болды бізге үлгі-сабақ,
Қазынаңды шәкірттерің жалғастырмақ.

Ойланам, өзіңіздей кім бар еді!
Мойындау осы жайды хақым менің.
Арманым өзіңіздей болу менің,
Үлгі тұтар азаматша, ақыны елдің!

Орны бөлек ақындықта, ғылымда,
Мақтаныш қып айтамыз біз шынында.
Бас иеміз ата сіздің алдында,
Еш ұмытпай! Құдыретіңізге табына.

Абай дейміз, кім ақын десе біреу,
Абай дейміз кім батыл десе біреу.
175 жыл толыр отыр биылғы жыл,
Абай ата - қазақта дара, біреу!

Әлемге жарқын жұлдыз көзіндейсіз,
Зерттелген ақиқаттың өзіндейсіз.
Қалдырған әдебиет шежіренмен,
Әр уақытта нұр болып төгілгейсіз.

О, менің мақтан етер, Абай атам!
Тұра бер, биіктерде аласармай!
Қанша жыл өтсе де дәл өзіңізге,
Ешкім теңеу бола алмас, таласа алмай.





Қуандықова Айдана
М. Қозыбаев атындағы СҚУ

«Абай»

Абай ата ақылындай ақыл жоқ,
Әр сөзі оның кеткен жоқпа нақыл боп.
Абай ата айтпай қалған сөз бар ма?
Қазақ үшін одан асқан ақын жоқ.

Дана сөздер Абай ақын өлеңі,
Шымырлатқан тұла бойды, денені.
Ол жазбаған не қалған деп таң қалам,
Жазып өткен жаңаны да, көнені.

Ем-дәрідей тауып айтқан сөздерің,
Қара сөздің мағынасы тереңде.
Неткен ғажап, алмас па әлде берен бе?
Шек болсайшы ұлы өнерде, өлеңде.

Қалың елім , қазағым деп жырлады.
Қазағына қорған болған жырлары,
Қара қылды қақ жарған әділ болды.
Бес асыл деп үн тастаған жырлары.

Абай-дара, Абай-кемел, озат та,
Жол салады әр өлеңі ғажапқа.
Бар жазғаны даналық боп саналған,
Жалғыздардың жалғызы ол-қазақта.





Кумекбай Кәмишат

М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Абай деп соғар жүрегім!

Көгімде жарық жұлдыз жарқыраған,
Өзендей қара сөзі сарқыраған.
Абайдың ұлықтаған есімімен,
Тамсанар өнеріне жарты ғалам.

Философ,аудармашы дара туған,
Біздерге үлгі-өнеге дана тұлғаң.
Тауындай Гималайдың биіксің сен,
Бағы боп қазағымның жаратылған.

Шындықты өлеңменен тамызатын,
Тебірентіп көзден жас ағызатын.
Өнердің құдіретін ұғындырған,
Бүгінде теңдесі жоқ аңыз ақын.

Абай-шың, Абай-ұлы бәйтерегім,
Өнерсіз, қара өлеңсіз қайтер едім?!
Ұлы ақын мың ғасырлық қайың болса,
Мен болдым саяндағы жай терегін.

Ұлыны жырға қосам(-ын) тербетіле,
Қайсарлық тұнып тұрар келбетінде.
Ақын бол, мейлі басқа хәкім болғын,
Бұл шыңға жетпес ешкім жер бетінде.

Көрсеткен үлгі өнеге талайларға,
Ұлыны ұмытайық қалай ғана?!
Өнерге, өміріме шабыт берген,
Қазақтың шоқ жұлдызы Абай ғана!

Ұлықтап ұлылықтың ғасырларын,
Абайдың мұралары асыл бағым.
Мұраны сақтап мәңгі қадірлейік,
Ұрпаққа ұлағаттап асылдарын!





Құрманш Дариға

М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Абайға арна

Таңданамын ұлы Абай өнеріне,
Моншақтап тізген әрбір өлеңінде.
Иісі бұрқырайды қазақтың,
Ой салып әр қазақтың жүрегіне.

Уытты өткір тілді шешен дерсің,
Абайдай жырлай алмас еш кемеңгерің.
Қазағын тастамаған тас түнекке,
Өрмелеп шыққан бейне күн бе дерсің.

Ойлаған әр заманын қазағымның,
Адалдық туын ұстап, таза жүрдің.
Дүние мен байлық жимай, өнер жидың,
Өсиет өнеге боп қалды бүгін.

Кемеңгер адамзаттың ұлы Абайы,
Өр тұлға, әр қазақтың дана Абайы.
Елінің қамын жеген тілекшісі,
Ұрпағы мақтанатын дара Абайы.





Құскенов Самрат

«СОВА» ЖШС-нің қауіпсіздік қызметкері

Абайдың рухымен сырласу

Ақын Абай!

Біз сені ұмытпаймыз,
Қолымыздан келгенше ұлықтаймыз.
Ақыл беріп қырық бес қара сөзің,
Бөк дүниеге ешқашан құнықпаймыз.

Дана Абай!

Біз сені сағынамыз,
Жырларыңды білмесек қағынамыз.
Ақиқаттың еліне барсақ-тағы,
Иман толы сөзіңе бағынамыз.

Асыл Абай!

Жатгасақ жырларыңды,
Тоқып жүрдік жүрекке сырларыңды.
Шыңғыстауды армандап, қиял қылып,
Көрсек, шіркін ой терген қырларыңды.

Ұлы Абай!

Тарқатшы шерімізді.
Өнер үшін төгеміз терімізді.
Ашық-шашық киініп бүкіл қоғам,
Ез қылып жүр арыстан ерімізді.

Хакім Абай!

Бас ақын болған едің,
Елің үшін мұңға да толған едің.
Қайран сөзің қор болып, тыңдаусыз қап,
Қара шал боп раушандай солған едің.

Сен кетсең де, бұл қоғам өзгермеді,
Тума талант иесіне төр бермеді.
Ақындықты далбаса өнер қылып,
Сөйлей берген мылжындар сөз бермеді.





Құскенов Самрат

«СОБА» ЖШС-нің қауіпсіздік қызметкері

Абай күні!

Қаншалықты маңызды?
Ұлықтау да дұрыс шығар абызды.
Жай белгілеп қана қоймай датаны,
Толыққанды орындайық парызды.

Абай күні!

Қосыңдар жыр-дастанға,
Даусымызды жеткізейік аспанға.
Суреттерін іле бермей көшеге,
«Абай жолын» оқытыңдар жастарға.

Абай күні!

Өлеңдерін жаттаңдар,
Ақиқат пен әділдікті жақтаңдар.
Ғылым тапқан талапкерді мақтан қып,
Орын тапқан асылдарды мақтаңдар.

Абай күні!

Айтсын Абай әндерін,
Содан тапсын күндеріңнің мәндерін.
Басын иіп, төбесіне шығарсын,
Ана тілі, Әліппедей пәндерін.

Абай күні!

Талда қара сөздерін,
Руханиятпен ақсын мөлдір көздерің.
Жұрт қайтеді Құнанбайдың баласың,
Керек қылмай отырсаңдар өздерің.

Абай күні!
Аудармасын талқыла,
Мазмұндап бер, өнер сүйер халқына.
Ұлылықты түсінбесең сондағы,
Ешқашан да қазақпын деп шалқыма.

Абай күні!
Аталсын өз сәнімен,
Рухани нәр берген өмір мәнімен.
Сабак берсем, соның бәрін жасар ем,
Қазақ тілі, әдебиеті пәнінен.





Мұхтар Райымбек

ҚР Ұлттық Ұлан әскери институты

«Арнау өлең»

Ақынның ақыны деп Мағжан десе,
Ақылдың ақыны мен Абай дер ем
Қазақ атын қаймықпас қайсар десе,
Абай атын қазақпен теңестірем.

Халықтың қамын жеген ақын Абай,
Бар қайғысын қағазбен жапқан Абай
Қолынақыл қаламын ала тұрып,
Жаһанның жан айқайын жазған Абай.

Қазақ үшін от пен суды қатар кешкен,
Ұлы жолдың иесі Абай дер ем
Абайжолы ұлы жол ұғынғанға,
Бұл қазаққа сол жолды бағыттар ем.

Қара сөзбен, байыппен, астарламай,
Тура ойын жеткізген дана Абай
Тас жүректі жібіткен өлеңменен,
Тасқын суды тербеткен ақылымен.

Қанат берген тапқырлы қара сөзбен,
Қырандай қалықтатып көкте жүзген
Жансызға жан бітірген шабыттана,
Ақ қағазға түсірген әрбір сөзбен.

Аллас саған ұсынған ақ жолында,
Болар сенің демеушің Абай ғана
Бар ақылын бойыңа сіңіріп ап,
Тек сонымен жетерсің арманыңа.

Мақсат етсең жетуге биік шыңға,
Үлгі тұтқың Абайды еңбек қылда
Абай жолын бекте алсаң қаймықпағың,
Мұратыңа жетерсің жас ұрпағым...





Науризкулова Макпал
М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Ұлы ақынға мың тағзым

Өзің едің қазағыма болған пана
Қызықпадың мал-мүлік,баспанаға
Әжеңнің ертегісін тыңдап өсіп,
Жастайыңнан атандың «зерек бала»

Қағазбен қалам алып оң қолыңа,
Арманмен өрнек салдың сен торыңа
Жасыңда ғылым бар деп ескермедің,
Сонда да шықтың талай шыңға.

Би, болыс дегендерді ұнатпадың
Әділдікті үлкен тақтан құлатпадың
Өзгенің малын жейтін паракорды,
Есімде өткір тілмен сұлатқаның.

Ән де жазып, қалам алып өз қолыңа
Арнадың ғұмырыңды өлең-жырға
Оқуды шын жүрекпен жақсы көрдің
Талай мұра қалдырып ұрпағыңа.

Дес бермей қара сөзден қазақтарға
Дедің де босқа отырып,қарап қалма
Өз ойыңды барынша ортаға сап,
Алсын деп керегіне жаратқанға.

Заманыңнан артық туып қалыспадың,
Мәлім ғой мыңмен жалғыз алысқаның
Қара сөзбен өлеңнен нұр таратқан
Қазақтың бас ақыны данышпаным!

Ақыннан мөлдір тұнық жыр ұққаймыз,
Өзіңді биік қойып ұлықтаймыз.
Қалың елім қазағым деп кетіп ең
Біз өзіңді мәңгілік ұмытпаймыз!





*Турсунканова Аружан
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

Абай атама арналған толғау

Абай ата - Ұлы дана
Айтқан сөзі - асыл қазына
Бала кезден жаттап келем
Өлең менен қара сөзін.

Абай – бабам, ойшыл данам
Өлеңдері үлгі маған,
Жамандыққа жаны қас
Жақсылыққа құмартқан.

Абай - ақын, әрі дана
Туылғандай қазақ үшін
жеке-дара
Ұрпақтарын келе жатыр
сусындатып,
Күні бүгін өсиетпен, өлеңменен.

Ұлы Абай жеріне
Бардым талай қыдырып,
Мұражайын аралап
Көріп қайтам қызығып.

Абай ата – мәңгілік
Тұрады санамызда жаңғырып,
Келер ұрпақ жалғастырсын
Ұлы Абайды ән қылып.

Семейдегі медреседе
Абай атам білім алған.

Мен өзімді санаймын-бақытты,
Туғаным Семейде,
Ұлы Абайдың ізі қалған.





*Хинаухан Жарханат
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

Абай мінген жыр пырағын абайсызда басқа ұрдым

Басқа ұрыппын, пырақты Абай мінген,
Келер күгді бабалар қалай білген.
Кешкілікте келіссіз туған жұлдыз,
Сыр шертіп тұр, сұрықсыз талай күнен.

Боталаған боз іңір, әжімді аспан,
Көлеңкелер құлайды көзін басқан.
Қаншама өлең аққудың қанатында,
Ұнтақталып кетті екен жазылмастан.

Шыңғыстаудың бөктері шырақ түнгі,
Құндағында аунатып қырат гүлді.
Абай жүрген сақбақты абайламай,
Талайлар-ай, талтайып құр ат мінді.

Сабауымның ұшынан тіиек жонғам,
Із табылды, ит арқа иен жонан.
Қаламымның ұшында қаңғыған құс,
Саусағыма қараймын сүйел болған.

Өңін бермес сұсты еді ебелек түн,
Қанатында қайтыс боп көбелектің.
Атам мінген ағаш ер, қасы сынық,
Қалбыршасын жез тыстап шегелеппін.

Шеңгелінде уақыттың шыр айналып,
Құрсағы ащы жұмыр жер құдайға анық.
Құла түзде кісінеп құлагер ат,
Шыңғыстауға қараймын былай барып.

Шыңғыстауым «үһ..» деді үрейленіп,
Жидебайдың жыңғылын түнейді елік.
Ақ бөкендер жамырап айды ішеді,
Жел соғады желкемнен дүлейленіп.

Мен не дедім, домбырам не демеді,
Бесті айғырдың жалынан өлең өріп.
Абай туған ауылға ат бұрған ем,
Арлан күшік арыс етті шебеленіп.

Ұлы дейді, мұртты ағам дана дейді,
Шеңберін де шейіт боп сана кей күн.
Бұлт аунайды мойынан баурыналып,
Әжіміндей әйгілі ана әжейдің.

Дүлей құйын ұрғанда дүмпіп келіп,
Бұлт жүзеді төменде іркіттеніп.
Ғасыр жатыр ғаламның шеңгеліне,
Жидебайдың жүрегін жыртып беріп.

Балапандап бала құс, мама ағашқа,
(Еңбек еткен екі күн ақ алашқа...)
Ескі кітап ішінен, Абайды аттап,
Асқақтап тұр, о пәлі, ана қасқа!...





Хинаухан Жарханат
М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Адамзаттың алыбы

Жылыстаған жыл өтті, ғасыр өтті,
Қай дәуірде Қазақтың жасы кепті.
Рахымын жаудырып Алла бізге,
Адамзаттың алыбын нәсіп етті.

Қызыл тілді өткізіп сол заманға,
Толғағанға не жетсін, толғағанға.
Өлең сөздің патшасы болар ма еді,
Абай өлең патшасы болмағанда.

Қара қылды қақ жарса дәл тұсында,
Бидің бағы тұрарма алшысында.
Абай көрген әділдік, туралық бар,
Құнанбайдың тобылғы қамшысында.

Әлдиімен нәр берген жас мүсінге,
Иман, ынсап, ұятты рас түсінген.
Абай алған тәлімнің тізбегі бар,
Зере әжедей тектінің тәспісінде.

Айтарға жөн әуелі сөз қамдаған,
Ақиқатқа ақ қолын созған бабам.
Ақынынан қорқамын бұл қоғамның,
Ақылынан қаламы озған заман.

Таңдау түсіп қай жолға құрдық өрнек,
Сүрлеуінен өткенше сыр бүгер деп.
Абай жолы - Алланың тура жолы,
Адамзатқа басқаша нұрлы жол жоқ.



*Нұрдолқын Сержан
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

Толық адам ілімі

Даналық пен даралығы қабысқан,
Танауын керіп тағдырымен алысқан.
Абайды оқы Абайды көр жас ұрпақ,
Саған ақыл қонбас қарғам алыстан.

Сананды ұрлап жоғалтады салтыңды,
Сыйлатпайды дуалы ауыз қартыңды.
Оқымасаң жалынды жас Абайды,
Шетел сенің көтермейдін арқыңды.

Абыз ана асқартаулы әкенді,
Тірлігінде бағам десең жылатпай.
Абайды оқы Абайды оқы жас ұрпақ,
Сақтайым десең елдігіңді құлатпай.

Сапалтындай салмақталған сөзі әсем,
Сүйгеніңнің білем бәлкім көзі әсем.
Абайды оқы Абайды оқы бозбала,
Сүйгенің шынболсын десең өзі әсем.

Досыңа адал адамдығың биікпе?
Бәлкім сенің ұлы арманың биікте.
Абайды оқы Абайды оқы жас ұрпақ,
Әне солай ғұмырыңды күйітте.

Түймесін түйткіл ағытып,
Жалықпай қара Абайға.
Қуаныш, қайғы, қасірет,
Шешімі жатыр Абайда.



*Нұрдолқын Сержан
М. Қозыбаев атындағы СҚУ*

Абай арнасы

Надандықтың түспей қазақ төрінен,
Алшы тілеп ашындырған Абайды.
Шындық айтып қамшы астында аунаған,
Сол Абайды бүгін әлем ұлы тұлға санайды.

Күннің сұлу айдың әсем келбетін,
Суреттеген қызыл тілдің күшімен.
Салып берген адастырмас каражол,
Ұрпағына ұлы Абай қаламының ұшымен.

Қасиетін туған жердің қадірлеп,
Басын иген дәстүріне халқының.
Тұлпар мініп қыран баптап түлкі алып,
Мәртебесін биік қойған салтының.

Ал адамдық іліміде бір басқа,
Сандалмаған сайтанға еріп құрбосқа,
Білекті емес қару етіп білімді,
Тастамаған оқылатын жырды отқа.

Ашындырмай ащы шындық айтпаған,
Қоқаңдаған қамшыңнанда қайтпаған.
Қайсар тұлға халқын сүйген Абайды,
Оқымауға қаһың қанша айт маған.



Прозалар



Ерқанат Аружан

М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Абай Құнанбайұлы «Жасымды ғылым бар деп ескермедім»

Жасымды ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Қолымда мезгілінен кеш сермедік
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Бұл мақрұм қалмағыма кім кінәлі,
Қолымды доп сермесем, естер ме едім?

Абайдың сыр шертер өлеңдерінің бірі бұл. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңінің шумағы. Бәрімізге айдан анық нәрсе Абай лирик ақын, Абайдың көркем әдебиетте қалдырған ізі алтын әріппен жазылып қалдырады мәңгілікке. Бұл өлеңнің негізгі мағынасы баршамызға белгілі. «Жасымда» деп басталуының себебі бала кезінде қолда бар білімді дұрыс қолданбағаны туралы айтылады. Жалпы Абай әр жеткіншек пен ересек адамдарды білімі жетелейді. Оның бір мәні осы өлең болып келеді «Пайдасын» бұл сөз яғни нәтижесін көре тұра оған бой алмады, қызық көрмедім дейді. «Ержеткен соң» бозбала шақтан ержеткен қадам басқанда сол кезде ғана өз қатемді түсіндім, бұл өлең біздің қазіргі 21 ғасырға келеді, себебі кішкентай кезімізден білім нәріне бой жүгіртпейміз пайдасы мен нәтижесін көре тұрып оны қолға қимаймыз. Бұл кез келген ғасырдың жағдаяты. Абай бұл мағынаны өз өлеңдерінде басты ассоциация ретінде алған. Абай бұл өлеңді жазудағы басты мағынасы сәттілік саған қарағанда артқа айналма яғни қолдай барды. Алтынның құны жоқ, өз сәттілігіңді жоғалтпа. Өлең қазақ халқының алдыңғы да, негізгі буындарына арналады. Өлеңнің соңғы шумақтарында «Баламды медресеге білсің деп

бердім, қызмет қылсың, шен алсын деп термедім» заманауи кезінде ең талқыға түсетін мәселе, ата-ана өзінің жетпегеніне баласының жеткенің қалайды, көзі ашық көкірегі ояу болсын дейді. Абай сонау заманда адамдар ерте жаста қате жасайтының алдын ала білген. Бірақта ол өз баласының массатанып алған білімін қара халыққа қарама-қарсы қолданғаның қаламады. Шен алу үшін сол кезде надан байлықтан көзі жабылған байлар көп болған. Абай әрқашан өз өмірінде балалары мен жалпы халықтың дұрыс ойланып анық қадам басқаның қалаған.

Абай атамыз білімді бәрінен де биік қойған.

«Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз» - деп бар байлық білімде екенін айтқан. Сол үшін адам баласы жас, бала кезінде уақытын босқа өткізсе, одан кейін кеш болатыны артындағы біздерге өсиет етіп кеткен. Сол үшін де «Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз» - деп бізді қанаттандырады. Біздің ата-аналарымызға арнап: «Соңғы малыңды сатсаң да, балаңды оқыт»-деп жас ұрпақтың білімді меңгергенін, сол білімді меңгерсе бәріне қол жеткізетінін қадап айтты.

Біздің ата-бабаларымыз: «Жа кезінде алған білім, Тасқа қашалып жазылған жазумен тең» - десе, Абай атамыз да сол сияқты қолыңд мезгілінен кеш сермемеуімізді осы өлеңі арқылы жеткізді. Бұл өлең Абай атамыздың бізге берген үлкен ғұлама сыйы деп білеміз.





Ерқанат Аружан

М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Абай Құнанбайұлы – адамзаттың асылы

Абай дара, Абай дана қазақта!

Әр мемлекетті алсаң оның мақтаныш бір ақылы бар, Еуропа халқы үшін Шекспир, Пушкин, Лермонтов, Толстой, айтылшы ақын болса, қазақ үшін ол Абай Құнанбаев. Абайдың ғұлама сөздері ғасырдан ғасыр аттап Абай өзінің кіршіксіз ақ жүрегін тебіrentкен сансыз ойлары, тамаша шығармалары, қара сөздері мен жалынды жырлары маржандай төгіледі, оның әрбір сөзінен соншама жақын лебі сезілді. Абай өз заманында өте жалғызсырады қаншама туыс-туған балада, оның сөзін сөйлейтін адам болмады. Неге?

Бұның бәрі Абайдың басқаларға ұқсамағаны оның тіпті ойлау жүйесі де, басқалардың өзгеше болды. Ол көрген әлемді басқа жан көре алмады. Ол сезінген сезімді басқа жан сезе алмайды. Абайдың шығармашылығын көбінесе лириканың өзінің өлеңі арқылы халыққа қаншама реалистик проза, поэма сыйлады.

Абай өз заман достарына ерекшеленіп алдына шығатын себебі өзінің адамгершілік, гуманистик, қоғамдың, эстетикалық бастысы адами факторларының басым болуы. Абайды пір тұтатын ақылдар біршама:

«Шын хакім, сөзің баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес» деп М.Жұмабаев бекер айтпаған, заман ауысса да, Абайға деген сүйіспеншілік ешқашан өзгермейді. Қазіргі және бұрынғы Қазақстан жер мен көктей, оның бір мысаны цифрланған жаңа Қазақстанды әр тұлға Абайдың кем дегенде бір өлеңі мен ғибадат өзін білуі қажет. Биылғы жыл «Абай жылы» деп сайланды, Абайға 175 жыл. Осы 175 жылда қаншама естеліктер мен сайыстар, Абайға арналған мүшәйралар жасалынды. Абайдың қара сөздерінде

кәдімгі тұрмыс кешенді политика мен адам өмірі туралы ғибадат айтылды.

Абайдың қай шығармасын алсақ та, адам болуға, ғылым мен білімге, өмірден өз орнымызды табуға жетелейді.

«Әсемпаз болма, әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан» - деп, бізге өмірден өз орнымызды табуға жол көрсетіп тұрғандай. Адам баласына бес нәрседен қашық болуға, бес нәрсеге асық болуға үндейді. Абай атамыздың дүниесі бір адамды ғана емес, бүкіл адамзатты тәрбиелейтін өмір қағидасын жазып қалдырған. Абай шығармаларын оқи отырып біздер білімді болуға, ақылды болуға, тірбиелі болуға, еңбекқор болуға, өнерпаз болуға, кішіпейіл болуға, мейірімді болуға, жалпы айтқанда толыққанды адам болуға үйренеміз. Абай шығармаларына арқау етпеген мәселе жоқ деп ойлаймын. Онда табиғат та, махаббат та, достық та, білім-ғылым да, өмірдің ащы шындығы да бәрі-бәрі қамтылған. Абай Құнанбайұлы ҚР аймағында емес күллі әлем яғни Еуропа халықтарына да, Абайдың керемет философ, ақын, аудармашы екендігі бәріне айдан анық. Ғұмырлар өтеді, ғасырлар жұлдыздай ағады, ал Абай мәңгілікке алтын әріппен жазылынып қалады!





Мұхтар Райымбек

ҚР Ұлттық Ұлан әскери институты

Абай айтқан сөз

Абай – осы есімнің артында қаншама ашылмаған сыр жатыр. Дүниенің бар сырын жинаған Абай, бұл сырды әрбір өлең – жырына қосып жеткізуге тырысты. Данышпан Абайды әлем ғұламаларынан асып түспесе кем еместігін мойындау қажет. Себебі бар өнерімен жансызға жан бітіріп, әр сөзбен дүниені оятқан адам болған жоқ. Қара сөздері алмас қылыштай өткір, жебедей дәл айтылған. Кез келгеннің жүрегіне үміт отын оятатын бір ғажап мағынасымен жаратылған.

Абай әрбір істі терең ойлап істеуге бар зейінін салды. Әрдайым бір тұңғыйықты ойда, жүрек пен ақылының арпалысында жүргендіктен екеуінде қатар ұстап таразылайтын.

Абай – жас ұрпаққа білім мен тәрбиені өсиет етіп қалдырды. Өскелең ұрпақ білім тәрбиелі болса айтылған сөз қалмас керек.





АБАЙ ЖАҚҚАН БІР СӘУЛЕ СӨНБЕС ҮШІН...

Қашанда қазақ үшін қуанатын, қуантатын асыл қазынасы болуы қажет. Сол асыл қазынамыз «Қазақтың бас ақыны» Абай екені де даусыз. Абай атамыздың 175 жылдығын әлем тойлап жатқанын әлеуметтік желіден көріп жүрміз. Тіпті бауырлас халық түріктер Анталияның төрінен ақынның ескерткішін ашып жатқанда туған елінің тартынбайтыны айдан анық. Ұлы ақынды дәріптеу, оның шығармашылығын жас ұрпақ арасында насихаттау ісі үздіксіз жүріліп жатқаны көңіліңді қуанышқа бөлейді. Абай халықтың жоғын жоқтап, кемел жолға бастар жолды іздеді. Сол жолда аянбай тер төгіп, өз заманының сипатын, халқының сол кездегі жағдайы мен психологиясын, жеке адам бойындағы жақсы не жаман ниеттерді, өзінің дүниетанымында бейнеледі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деген мақаласында Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет ететінін, оның шығармалары әрбір жастың бойында еліне деген сүйіспеншілікті орнықтыратын және хакім еңбектерінің нәрін болашақ ұрпақ санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру-ұлттық жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамдардың бірі екендігін атап көрсетті. Қазіргі жастарымызды тәрбиелеуде даналыққа толы Абай ілімін басшылыққа алуымыз қажет. Абай атамыздың жолы, Абай үлгісі бізді адамгершілік, имандылық жолына бастайды. Ақынның даналық сөзі сананы оятып, ойға ой қосады, жаңа көңіл күй мен сезімге бөлейді, асыл армандарға жетелейді, өзінді-өзің талдап, бағалауға, ойлануға итермелейді. Қазіргі заман - бағалау, өз-өзіңді саралау заманы.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігі «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» ЖАҚ республикалық ақындар мүшайрасын ұйымдастырып отыр. Аталмыш мүшайраға теріскейлік жас ақындар да ат салысып, ақын шығармашылығын насихаттау жолында өз үлестерін қосты. Солтүстіктегі ақындардың басын қосып ұйымдастыру М. Қозыбаев атындағы СҚУ-нің «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтының еншісіне тиіпті.

М. Қозыбаев атындағы СҚУ-нің «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтының директоры т.ғ.к. Картова Зәуре Кеңесқызының айтуынша, бұл мүшайраға 16-29 жас аралығындағы қазақ және орыс тілінде жазатын жас жазушылар, жас ақындар және журналисттер қатысып бақтарын сынай алады,- дейді. Байқау шарттары өте оңай ақындар үшін Абайға арналған екі өлең, жазушылар мен журналистер үшін прозалық екі әңгіме немесе публицистикалық екі мақала электронды түрде ұсынуы қажет.

Бұл республикалық байқау болғандықтан екі кезеңнен тұрады. Өңірлерде іріктеу кезеңі 2020 жылдың 10 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында өтті. Қорытынды кезең 2020 жылдың 1 мен 20 қазан аралығында ұйымдастырылады деп жоспарланып отыр.

Абайдың шығармаларына зер салып қарайтын болсақ, елдің өсіп-өркендеуіне, ұлтының болашағына ерекше алаңдайтынын байқаймыз. Ақын ілгерлеудің негізі білім мен ғылым екенін анық білген. Сондықтан да қара сөздерінде білім мен ғылымды, адами құндылықтарды өзекті мәселе ретінде қарастырады. Ал, мүшайраға қатысушы жас ақындарымызда Абай жаққан сәуленің сөнбейтінін өз өлеңдері мен шығармаларында дәлелдей түсуі керек. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мүшайраға 30-дан артық жастардың шығармалары мен өлеңдері келіп түскен. Әділқазылар мүшесі солардың арасынан ең мықты деген үш жұмысты таңдап алды. Олар Хинаухан Жарқанат, Құскенов Самрат, Нұрдолқын Сержан республикада кіл мықтылармен өлең сайысына түсіп, теріскейдің намысын қорғайтын болады.

Биылғы жылы баршамызға белгілі ел басына қиындықтың қара бұлты үйірілген уақыт. Сондықтан біз қашықтықтан өткіздік. Республикада қашықтықтан өткізеді. Тек байқаудың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету мақсатында республикалық кезең толықтай бейне-жазбаға түсіріледі, дейді Зәуре Кеңесқызы.

Қазақтың майдайына біткен ұлы ақынын дәріштеп, жас ұрпақ алдында Абайдай тау тұлғаны мәпелеу әр адамзаттың адами қасиеттерінің бастауы. Абай шығармашылығы әр қазақтың бойтұмары болатынына мен кәміл сенемін!

*СҚО, Қызылжар қаласы
Көкбасқызы Жазира, ҚР журналистер одағының мүшесі
«BILIM AINASY»*





ХАКІМ МҰРАСЫ – ЖАСТАРҒА ҚАЗЫНА

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығын мерекелеу аясында Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігі Азаматтық бастамаларды қолдау орталығымен бірлесіп, республика деңгейінде «Мұшайра» жас ақындар конкурсын ұйымдастыруда. Хакім мұрасын жастардың санасына сіңіруді мақсат тұтқан шараға біздің өңірден 30-ға жуық үміткер қатысты. 16-19 жас аралығындағы талантты ұл-қыздардың өнерін бағалау міндеті М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дің «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтына жүктелді.

Байқауда облыс орталығының, Қызылжар, Айыртау және Уәлиханов аудандарының жастары белсенділік танытты. Олар хакімге арнаған өлеңдері мен прозалық туындыларын электронды пошта арқылы жолдап, ақын өміріне және мұрасына қатысты ойларымен бөлісті.

Аймақтық іріктеудің қорытындысы бойынша М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дің студенттері Жарқанат Хинаухан мен Сержан Нұрдолқын және «Сова» ЖШС-нің қызметкері Самрат Құскенов топ жарды. Олардың жұмыстары 1-20 қазан аралығында Алматы қаласында өтетін республикалық кезеңде бағаланатын болады. «Байқау қатысушыларының еңбектерін бағалау кезінде идеялық және композициялық тұтастықты сақтау талабына ерекше мән берілді. Үміткерлер конкурсқа қатысып қана қоймай, өз қабілетін шыңдай түсуге, республика деңгейінде танылған дарынды ақын-жазушылармен бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады», – дейді СҚУ жанындағы «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтының директоры Зәуре Қартова.

Шара барысында жас ақындар әдебиет және өнер саласының тәжірибелі мамандарының шеберлік-сыныптарына қатысты. Доцент, филология ғылымдарының кандидаты Жанар

Құлыбекова мен Ерік Асқаров атындағы облыстық жас ақындар мектебінің жетекшісі Аманжол Зағыпар ақынның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығын сөз ете келе, өлең мен проза жазудың ерекшеліктеріне тоқталды.

Гүлбике Кубенова, «Soltústik Qazaqstan».



Мазмұны

| | |
|---|----|
| Алғы сөз | 3 |
| <i>А.Ф. Ибраеваның сөзі. Ғылым және инновация проректоры</i> | 4 |
| <i>З.К. Картованың сөзі. «Рухани жаңғыру» ӘГЗИ директоры</i> | 6 |
| <i>Жалпы ережелер</i> | 8 |
| <i>Конкурс шарттары</i> | 9 |
| <i>Жеңімпаздарды марапаттау</i> | 12 |
| <i>«Мүшайра» байқауын ұйымдастыру бойынша мастер-класс бағдарламасы</i> | 14 |
| <i>«Мүшайра» байқауын ұйымдастыру бойынша тренинг бағдарламасы</i> | 15 |
| Өлеңдер | 22 |
| <i>Д. Абжалова. Ұлы Хакім Абайға</i> | 22 |
| <i>Д. Абжалова. Есімің ғасырлар шебінде</i> | 23 |
| <i>А. Ақжігітова. Абаймен тілдесу</i> | 25 |
| <i>А. Ақжігітова. Дана Абай!</i> | 26 |
| <i>А. Тілеуберді. Абай түн әлемінде</i> | 28 |
| <i>А. Тілеуберді. Абай атамызға!</i> | 30 |
| <i>А. Тілеуберді. Қырық бес сөздің ішінде</i> | 32 |
| <i>Д. Ахылбекова. «Ұлы Абайға»</i> | 34 |
| <i>Д. Ахылбекова. «Мыңмен жалғыз алысқан ұлы тұлға»</i> | 36 |
| <i>А. Ашимхан. «Абайсыз»</i> | 38 |
| <i>А. Ашимхан. «Абайға арнау!»</i> | 40 |
| <i>И. Ашимхан. «Абай ата»</i> | 42 |
| <i>И. Ашимхан. Абайға арнау</i> | 43 |
| <i>Д. Аюпова. Абай атаға</i> | 44 |
| <i>Д. Аюпова. Абай атаға</i> | 45 |
| <i>Д. Аяған. Абайға арнау</i> | 46 |
| <i>Е. Бағзат. Хакім Абайға</i> | 47 |
| <i>С. Булатова. Поэт ауыла Жидебай</i> | 48 |
| <i>С. Булатова. Абай учиться завещал</i> | 49 |
| <i>Д. Жолтеңкiй. Письмо Абаю</i> | 51 |
| <i>А. Ерқанат. Есіме алсам Абайды</i> | 53 |
| <i>А. Ерқанат. Ақыл иесі Хакім Абай</i> | 54 |

| | |
|---|----|
| <i>Д. Қалыбек. «Абай Құнанбаев»</i> | 56 |
| <i>Д. Қалыбек. Абай барда қазақ бар</i> | 57 |
| <i>Г. Қалымова. Поэзия пайғамбары бұл Абай</i> | 58 |
| <i>Г. Қалымова. Жидебай – Абай туған өңір еді</i> | 60 |
| <i>Г. Кенесова. Абай ақынға</i> | 61 |
| <i>Г. Кенесова. О, великий поэт!</i> | 62 |
| <i>И. Кенжебай. Избасарың мен болам, Абай ата өзіннің...</i> | 63 |
| <i>И. Кенжебай. Менің Абайым</i> | 67 |
| <i>А. Қуандықова. «Абай»</i> | 69 |
| <i>К. Кумекбай. Абай деп соғар жүрегім!</i> | 70 |
| <i>Д. Құрмаш. Абайға арна</i> | 72 |
| <i>С. Құскенов. Абайдың рухымен сырласу</i> | 73 |
| <i>С. Құскенов. Абай күні!</i> | 75 |
| <i>Р. Мұхтар. «Арнау өлең»</i> | 77 |
| <i>М. Науризкулова. Ұлы ақынға мың тағзым</i> | 79 |
| <i>А. Турсунканова. Абай атама арналған толғау</i> | 81 |
| <i>Ж. Хинаухан. Абай мінген жыр пырағын абайсызда басқа ұрдым</i> | 83 |
| <i>Ж. Хинаухан. Адамзаттың алыбы</i> | 85 |
| <i>С. Нұрдолқын. Толық адам ілімі</i> | 86 |
| <i>С. Нұрдолқын. Абай арнасы</i> | 87 |
| Прозалар | 88 |
| <i>А.Ерқанат. Абай Құнанбайұлы «Жасымды ғылым бар деп ескермедім»</i> | 88 |
| <i>А.Ерқанат. Абай Құнанбайұлы – адамзаттың асылы</i> | 90 |
| <i>Р. Мұхтар. Абай айтқан сөз</i> | 92 |
| Мақалалар | 93 |
| <i>Ж. Көкбасқызы. Абай жаққан бір сәуле сөнбес үшін...</i> | 93 |
| <i>Г. Кубенова. Хакім мұрасы – жастарға қазына</i> | 96 |